Тірек сөздері: Көптілділік, көптілді білім, ана тілі, шетел тілі, білімді ұрпақ.

Ключевые слова:Полиязычие, полиязычное образование, родной язык, иностранный язык, образованное поколение.

Keywords: Multilingualism, multilingual education, mother tongue, foreign language, educated generation.

Ел егемендігінің ең басты өлшемдерінің бірі – туған тілінің мерейінің үстемдігі. Ана тілінің құдыреті жайлы қаншама ойшылдарымыз, ақын-жазушыларымыз құнды пікірлер қалдырды. Осынау бабаларымыз сөйлеп, даналарымыз толғап, аналарымыз әлдилеп өскен қазақ тілінің еліміздің болашағының көркеюіне зор ықпал етуде. Сондықтан білім беру ісінде ғылыммен қатар, тілді дамытуды, тәрбиені этномәдени құндылықтармен ұштастыра білген ел барлық уақытта да ұтады. Ал білімді де тілге бай тәрбиелі ұрпақтың бойында өз еліне, ұлтына, атамекеніне деген отансүйгіштік сезім қалыптасады, ана тілінің ұлылығын дәлелдей түседі.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болсада қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ана тілі - халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі, - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Халқына Жолдауында: “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” - деген салиқалы үндеуінде айтқандай, әлемдік кеңістікке енуде ағылшын тілінің маңызы зор. Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. «Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек» [1].

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2018 жылғы 5 қазандағы халыққа арнаған Жолдауында: 2019 жылды Жастар жылы деп жариялаған болатын. Қазақ жастарының болашағы - тілдерді еркін меңгеріп, қазіргі таңда адам қызметінің барлық салаларындағы жаһандану үрдісі орын алған уақытта жан-жақты жетілуді басты мақсатқа алып отыру міндет. Сондықтан, кем дегенде үш тілді меңгеру – заман талабына айналып отырған қажеттіліктердің бірі [1]. Қазіргі әлем - жаңалықтар мен өзгеше технологиялар, өзгерістер заманы. Заманның ендігі тетігі бүгінгі күнмен тірлік ететін адамды емес, болашақты кеңінен ой елегінен өткізетін тұлғаны, келешекті кемел ойлай білетін, дүние өзгерістерінің себеп-салдарын жекелік талғаммен емес, жалпы адамзаттық өлшеммен қабылдайтын жандарды қажет етеді. Өйткені, тек бәсекеге қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігіне өз үлесін қоса алады. Көптілді білім - көп мәдениетті, әлемдік тілдерді жақсы меңгерген тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Сол себептен ақпараттық-коммуникативтік құзырлықпен қатар, полимәдениеттілік бүгінгі уақытта әлемдік білім беру қоғамдастығының кеңістігін қалыптастыратын білім беру құзырлығының басты бағыттарының бірі ретінде анықталды [2, 3].

Келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр. Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі [3,17]. Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл еніп жатырған тұста бұл үдерістен қазақ жастары да тыс қалмауы керек. Қазақстанда жастарымыздың болашағы үшін әлемдік деңгейдегі зияткерлік мектептер мен кәсіптік-техникалық колледждер ашылып, «Болашақ» бағдарламасының негізінде олардың шетелге шығып білім алуына жан-жақты жол ашылған.

Қорытындылай келгенде, Қазақстанның жастары өз тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған үш тілде еркін сөйлеп, әлемнің кез-келген жерімен еркін байланысқа түсіп жатса еліміздің ертеңінің көркейте түсері сөзсіз. Сондықтан мен қазақстандық жастарды әлемдік кеңістікке қанат қағып, шет тіліндерін еркін меңгеріп, жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға шақырамын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

3. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Ақиқат, 2013 жыл, №1.

4. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері, Алматы, 2008

5. Ы.Солташұлы Заман талабы – көп тілді болу. // Ақиқат. 26 қараша- 2012

**PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL RELATIONS
WITH SPECIALIZED EDUCATION**

SuteyevaMaira Akbotayevna

Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor

K.Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe

suteeva1957@mail.ru

Аңдатпа.Мақала профиль оқытуға психологиялық-педагогикалық қарым-қатынас талқылайды.

Аннотация. В статье рассматривается психолого-педагогическая связь при профильном обучении.

Annotation. The article discusses the psychological and pedagogical relationship with the profile of training.

Тірек сөздері: бейіндік білім беру, өзін-өзі тану, кәсіби өзін-өзі анықтау

Ключевые слова: профильное образование, самоидентификация, профессиональное самоопределение

Key words: profile education, self-identification, professional self-determination.

The priority of educational reform arises from the laws of social progress towards the achievement of long-term goals in the development of the state. This is stated in the message of the President of Kazakhstan N. Nazarbayev in his message to the people of Kazakhstan “Strategy of Kazakhstan-2050”, the new political course of the existing state, the entry of Kazakhstan into the list of 30 most competitive countries of the world [1].

The choice of 12-year school students is the basis of a specialized school. The choice of a future profession, self-determination of a person, which is laid throughout his life.

Personality in psychological and pedagogical terms is a person who knows what he wants, has a goal, a life plan, ideals, what he wants to become (his personal and physical characteristics) knows what he can do (his capabilities and interests), a subject which are reflected in the process of psychological development, including cognitive processes, motivation and development [2].

Personality in psychological and pedagogical terms is a person who knows what he wants, has a goal, a life plan, ideals, what he wants to become (his personal and physical characteristics) knows what he can do (his capabilities and interests), a subject which are reflected in the process of psychological development, including cognitive processes, motivation and development. In the psychological scheme, self-identification is a subject who knows what he wants (goal, life, plans) and what he can expect from society. These tasks are solved in the process of psychological development, which includes cognitive processes and the development of motivation. Psychological and pedagogical support is to identify the profile of training students of choice in different situations [3, 45].

Two types of support can be subdivided: individually oriented and system oriented. The first

type is aimed at solving specific problems of a particular person, the second is typical for large groups of people. Two types are aimed at solving certain problems and their occurrence. One of the main problems characteristic of the majority of accelerations in terms of the development of a region is in their life orientations and their values in consciousness. The professional and personal life of young people in modern conditions of difficulties do not affect the degree of social maturity.

One of the main problems inherent in most high school students is the fact that in the minds of young people there are significant changes in their life orientations and values.

In modern conditions, a serious problem has arisen related to the creation of young people of professional and personal life prospects. All these difficulties do not affect the degree of social maturity.

From the point of view of such authors as (Nazaraliyeva Z.S. and others), the psychological and pedagogical support of the pre-profile and profile school on the main issues included: social adaptation in the development of the personality. And in the choice of social and life values [4, 88].

Perhaps the emergence of such questions, such as the need for specialized schools in Kazakhstan to have support in the psychological and pedagogical process and what should it be? In the process of analyzing various literatures, it shows that the method of support is understood as the vital optimal conditions for making a decision. The situation of life choices is the definition of the student's profile in solving life problems, situations [5].

Support in the logic of a system-oriented approach is support aimed at solving life problems, providing the correct methodological support for the two parties. Two types can be distinguished: individual-oriented and systematic support of a specific person aimed at solving problems. Most high school students, when introducing new conditions of education, face such problems as changes in life orientations and values. The relationship of students with adults is important for high school students..

Therefore, from our point of view, the renewal of the educational process in the Kazakhstani educational sphere, the development of competence is important, as the ability to talk, build relationships with both adults and peers is an important quality required in the modern world. People unable to communicate are incapable.

With regard to culture and order of communication with the outside world, when dealing with large people, these methods are one of the main criteria of authority, but, unfortunately, communicate with their peers, which plays the specified role, "because relations between young people are not evaluated". Being strong is not an important criterion for young people to communicate with both adults and peers.

The ability to communicate with the outside world is of great importance in communicating with both adults and peers. Therefore, in our opinion, it is important to develop communicative competence in updating the Kazakhstan educational sphere, since the ability to communicate is in demand in the modern world. People unable to communicate are considered incapable of adaptation, mobility in society.

Participation in profile education in the 12-year-old Kazakhstan school, the teacher-psychologist of the city of Mezhdurechensk, S.V. Novikova, using the experience of the Russian team of authors is very complete and interesting. In the process of psychological and pedagogical support, the following groups of main problems of the profile and profile school consider the following tasks: in the logic of the system-oriented approach, this direction in solving all life problems, the relationship between the parties providing support.

Determine the criteria for social adaptation and social self-determination. The problem of personal and social self-realization of students is one of the main tasks of updating the modern Kazakhstan education system, as well as an important theoretical and practical experience of formation. The study of this issue in terms of "concept" is a good study of career and professional trends that determine the factors of law and self-improvement.

As a result of the analysis of the literature in psychological and pedagogical sources, it is possible to indicate the features of social perfection of the personality.

- breadth and stability of values

-activity and responsibility of a person in life situations.

- high reflection with the outside world.

In our opinion, a technology teacher who provides core education in a 12-year-old Kazakhstan school should be guided by these indicators and determine the main criteria for self-determination of young people in subject teaching. Therefore, the system of pedagogical support for vocational education is the main focus of work — the study of social adaptation and the personal identification of young people, the definition of self-employment and social perfection in making informed choices in various aspects of life situations [6, 93].

References:

1. The message of the President of Kazakhstan N. Nazarbayev to the people of Kazakhstan “Strategy of Kazakhstan-2050”
2. The Constitution of the Republic of Kazakhstan. Article 30.
3. Practical psychology of education; Textbook 4th ed. / Edited by I. V. Dubrovina - St. Petersburg. - Peter, 2004. - 592 p.
- 4 Z.S. Nazaraliyeva Pedagogy of profile education: Textbook. - Almaty: Triumph “T”, 2008. -344p.
5. The concept of a 12-year secondary general education in the Republic of Kazakhstan / Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, the Republican Scientific and Practical Center for the problems of the 12-year education. Astana, 2006, 19 p.
6. S.A.Zholdasbekova, Y.N. Kamalov, U.Zh. Konakbayeva Organization of professional learning of students. Ped.domain studio. for the reader. - Almaty. 2013 -201p.

КӨПТІЛДІЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Тажигулова Айгул Кайратовна

Магистр, оқытушы

Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасы,

Қ. Жұбанов ат. АӨМУ, г. Ақтобе, Қазақстан

tazhigulova.82@gmail.com

Андатпа: Қазіргі жаһандану дәуірі келер жас ұрпақтан өте көп нәрсені талап етеді. Соның ең бір аса қажеттісі көптілді тұлға болып қалыптасу. Көптілділікті қалыптастыруды білім беру мекемелеріне енгізу өз кезегінде мынадай өзекті мәселелер туындатуы мүмкін.

Аннотация: Современная эра глобализации требует гораздо большего от молодого поколения. Одной из важнейших потребностей является формирование многоязычной личности. Внедрение многоязычия в образовательные учреждения может, в свою очередь, создать следующие актуальные проблемы.

Annotation: The modern era of globalization demands a lot more from the younger generations. One of the most important needs is the formation of multilingual personality. The introduction of multilingualism into educational institutions may in turn create the following topical issues.

Тірек сөздері: Көптілділік, заман талабы, білім беру жүйесі, көптілді тұлға, білікті мамандар

Ключевые слова: Многоязычие, современные требования, система образования, многоязычная личность, квалифицированные специалисты

Key words: Multilingualism, modern requirements, education system, multilingual personality, qualified specialists

Қазіргі заман уақыты еліміздің қарыштап дамуымен, әлем елдерімен терезесі тең түсетін ел болып қалыптасуымен сипатталады. Қазақстан әлемдік сахнадан өз орнын ойып алып, күн өткен сайын құлашын кең жая түсуде. Оған әрине, ең алдымен халқымыздың білім алу деңгейі өз әсерін тигізу үстінде десек болады. Осы білім деңгейінің жоғарылауы, білім саласында қол жеткізген жетістіктеріміз, жастарымыздың білімге, ғылымға деген ізденісінің арқасында еліміз әлем таныған елдердің қатарынан бой көрсетеді. Дәл қазіргідей қарыштап

даму кезеңінде елімізде тек бір - екі тілмен шектеліп қана қоймай, көптілділікті қалыптастыру, соның ішінде қазіргі таңда шетел тілдерін меңгеру мына біздерге қойылып отырған міндет десек артық айтқандық болмас. Жаңаша көзқарастардың дамуы, жаңаша биік сатыларға көтерілуіміз өз кезегінде шетел тілін оқыту, дамыта түсуге ықпал етуде.

Көптілділікті қалыптастыру бізге не үшін қажет деген сауал туындауы мүмкін әрине. Көптілділік қалыптастыру еліміз үшін аса қажетті дүние. Себебі, біз өзге мемлекеттермен кез келген бағыттағы байланыстарда, шет елдерге шығу барысында көптілділіктің маңызы арта түседі. Сондықтан да қазіргі таңда білім беру жүйесінде көптілділікті қалыптастыруға, дамытуға мемлекет тарапынан өте зор мән беріліп отыр.

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Осы тұста Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауындағы мына бір мағыналы, жүйелі пікірі ойыма оралады: «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз». Бұл деп отырғанымыз, тек бір тіл білумен шектеліп қалмай өзге тілдерді де меңгеріп, өз көкжиегімізді үздіксіз дамытып отыруымыз қажет дегенге келіп саяды. Сол себепті көптілділікті білім беру, оқыту процестеріне ендіру ең негізгі сұранысқа айналып отыр.

Тіл – мейлі қайсы ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбиесі мен тағылымының, бүкіл халықтық болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйытқысы болып келген. Өмірде өзге бір ұлттың тілін игерген адам сол халықтың ішкі жан – дүниесін түсініп, күллі мәдени құндылықтарымен танысу орайына ие бола алады. Азаматтарымыздың қазіргі ай сайынғы алға ілгерілеп, күн сайын жаңарып, тез қарқынмен дамып бара жатқан өзгерісшең өмірге ойдағдай ілесуі үшін, қос тілді болып қоймай, қайта көп тілді болуы заман қажеттілігіне айналууда. Сондықтан қазіргі қоғамда көп тілді азамат болу адамды жеңіске, тың өмірге бастайтын жол іспеттес деп айтуға толық негіз бар.

Қазақ халқында мынадай бір керемет аталы сөз бар. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген жүйелі сөз дәл бүгінгі өмір сүріп жатқан қоғамымызға, заманымызға сай айтылған сияқты. Көптілді болу арқылы әрбір адам қоғамда болып жатқан барлық өзгерістерден хабардар болып, өзге елдердің шекарасына еркін шығуға мүмкіндік алады.

Бүгінгі таңда елімізде «Көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр. Оны Н.Ә.Назарбаевтың мына сөздерінен айқын байқауға болады: «Қазақстан әлемде тұрғындары үш тілді қатар қолданатын, яғни қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – халықаралық тіл ретінде, ағылшын тілі – әлемдік экономиканың жетістікті интеграциясы ретінде, жоғары білімді елдер қатарында қабылдануы тиіс». Кем дегенде осы үш тілді меңгеру еліміз үшін заман талабына айналып отырған қажеттіліктің бірі.

«Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауын жүзеге асыру мақсатында дайындалған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адам капиталын дамыту үшін білім мазмұнын түбегейлі жаңғырта отырып, білім саласында кезек күттірмей тұрған мәселелерді шешуге бағытталған [1, 55].

Қазіргі таңда Қазақстан қоғамының әлеуметтік – экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі – мектепте көптілді білім беруді жолға қою болып табылады. Көптілді білім – мәдениетті, сауатты тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілеттерін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Көптілділікті ендірмес бұрын бұл бізге қажет пе деген сауал туындайды. Әрине, қажет. Неге десеніз әлем

кеңістігіне еркін ену, өзге елдердің тарихымен, мәдениетімен танысу өзге тілдерді меңгермей тұрып әсте мүмкін емес.

Екіншіден, көптілділікті қалыптастыру үшін өте білікті мамандар әрдайым қажет. Еліміздегі көптілділікті білім беру жүйесіне енгізудегі ең өзекті мәселелердің бірі мамандардың жетіспеуі. Сол себептен де болар, елімізде осы көптілділікті дамыту, соның ішінде ағылшын тілін келер ұрпаққа меңгертуде әлі де деңгейіміздің төмендігін байқаймыз. Ең алдымен мамандар өз ісінің шынайы білімгері болуы тиіс. Сондай жағдайда ғана олардың жастарға үйретері көп болмақ.

Мектептің білім беру жүйесіне көптілділікті ендіру мәселесі өте жиі қозғалатын мәселенің бірі. Көптілділікті білім беру жүйесіне енгізудегі тағы бір айтылатын өзекті мәселенің бірі ағылшын тіліндегі оқулықтар. Осыған орай білім министрліктері тарапынан мектептің білім беру жүйесіне ағылшын тілін 1 – сыныптан бастап оқытуды қосу, түрлі ағылшын тіліне үйрету курстарын ашу арқылы көптілділікті дамытуды басты назарға алғанын көре аламыз.

Еліміздің әрбір бұрышынан ағылшын тілін үйретуге бағытталған түрлі курстардың өте көптеп ашылғанын аңғарамыз. Бұл да еліміз тарапынан көптілділікті қалыптастыруға, дамытуға жасалып жатқан жағдайлардың бірі.

Бұрын әрбір білім беру мекемелерінен көбіне қазақ, орыс тіліндегі оқулықтарды, газет – журналдарды көретін болсақ, бір қуанатын жағдай қазір кез келген жерден ағылшын тілінде басылып шыққан оқулықтарды, журналдарды өте жиі ұшыратуымызға болады. Бұл да сірә, көптілділікті дамытуға өз ісерін тигізетін факторлардың бірі болмақ.

Көптілді білім алу - заман талабы. Көптілділі білім алу арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады деп ойлаймын:

-әрбір мектеп бітірген Қазақстан Республикасының азаматы қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгеріп шығады;

- көптілді меңгерген оқушылар өзгермелі кезеңде еркін әрекеттер жасауға бейім болады;

- көптілді меңгеру еңбек нарығында да жоғары бағаланады;

- алыс және жақын шет елдерде тілдік көмекті қажет етпейді;

- көптілді меңгерген адам әлем кеңістігіне еркін шыға алады әрі өзге елдердің тарихымен, мәдениетімен етене жақын таныса алады.

Үш тілде оқыту заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру және дамыту. Қазақ тілі мемлекеттік тіл әрі оны білу әрбірімізге міндетті, ал орыс және шетел тілдерін меңгеру ой – өрісімізді кеңейтіп, әлемдік жаңалықтардан хабары бар, сауатты тұлға ретінде қалыптастырады. Осы көптілділікті қолдау мақсатында мектеп қабырғасынан бастап балаларды ағылшын тіліне үйрету мәселесі қарастырылып, білім беру жүйесіне ағылшын тілі пән ретінде енгізілді [2, 35].

Елімізде қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті жолға қою – бүгінгі таңдағы білім жүйесіндегі педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі. Әлемдік білім беру іс – тәжірибесінде көптілді және билингввалды білім беру жаңалық емес, атап айтқанда АҚШ пен көптеген Еуропа елдерінде бұл бағытта көптеген жетістіктерге қол жеткізген. Ал біздің елімізде көптілді білім беру процесі әлі де толық еніп үлгермеді.

Сөзімді қорытындылай келе, көптілді білім алу ол заман талабының негізгі қажеттілігі. Бірнеше тілді меңгеру арқылы адам өзін тек жақсы жақтарынан көрсете алады. Әйгілі философ, ойшыл, физик, астроном болған Әл-Фараби өмір сүрген уақытында 70-ке жуық тіл білген екен. Оның өте ойшыл, асқан ақыл иесі екендігін білмейтін адам жоқ та шығар, сірә!

Сонымен көптілді тұлға болу біздің білімімізді еселей түседі әрі әлем кеңістігіне еркін шығуымызға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаминова Р.Ж. «Модульдік оқыту технологиясын қолдана балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру». Астана, 2012 ж.

ҮШТІЛДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЗАМАНАУИ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Темиргалиева А.С., Жадрасынова Г.Ж.

№40 орта мектеп мұғалімдері, Ақтөбе қаласы

Андатпа. Берілген мақалада көптілді білім берудің өзектілігі, мақсаты қарастырылады.

Аннотация. В данной статье рассматриваются актуальность и цель полиязычного образования.

Annotation. In this article relevance and purpose of multilingual education are reviewed.

Тірек сөздері: көптілділік, білім беру, жас ұрпақ, болашақ, сапа, мақсат, әлем.

Ключевые слова: полиязычие, образование, новое поколение, будущее, качество, цель, мир.

Key words: multilingual, education, young generation, future, quality, purpose, world.

Қазіргі жаһанданған, ақпараттың дамыған ғасырында болып жатқан түрлі өзгерістер мен жаңашылдықтар еліміздің экономика саласына да, білім беру жүйесіне де тың ізденістерді енгізіп отыр. «Жаһандық дағдарыстың жалғасуының әсерінен әлемде болып жатқан өзгерістер бізді үрейлендірмейді. Біз оларға дайынбыз. Біздің ендігі міндетіміз – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, ХХІ ғасырда орнықты дамуды жалғастыру», -деп Елбасымыздың Жолдауында айтылғандай, еліміз қай салада болмасын қарқынды дамып, әлемдік кеңістікке қарыштай қадам басып, еркін қанат сермеуде.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді. Әлемдегі жоғары дамыған елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Қадыр ақын айтқан «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» қағидасы бүгінгі қоғамның талабы.

Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында еліміз береке мен бірліктің, ынтымақ пен достықтың, татулықтың өлкесі болып, көпұлтты мемлекетке айналып отыр. Осы орайда Н.Ә.Назарбаев атап өткендей: «Біз - көпұлтты қоғамбыз. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдыңғы уақытта да жалғастыра беретін боламыз» [1, 24], -деген еді.

Тұңғыш Елбасының үштұғырлы саясаты аясында шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де келелі мәселелердің бірі болып отыр. Алайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», -деп ақын жырлағандай, өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны баулысақ, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны баулитынымызға көз жеткіземіз. Сондықтан да «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл - заман талабы», - деген тұңғыш елбасының қағидасына сүйене отырып, қазіргі таңда балабақшадан бастап мектеп табалдырығын аттаған сәттен ана тілін меңгертуге, сауаттылыққа күш салынуда. Осы орайда ауыр жүк артылып отырған мұғалімдер мен тәрбиеші-ұстаздардың бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудегі еңбегі зор.

Мектепте қазақ тілін оқыту барысында орыс тілі, ағылшын тілі пәндерін бірлікте алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты жүргізіліп жүр. Бұл жерде өтіліп отырған бағдарламаға сай үш пәнді бірлікте ала отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Алайда дәстүрлі оқытуда тек аударма жасатумен ғана шектеліп отырсақ, қазіргі оқыту технологиясында түрлі шығармашылық бағыттағы тапсырмалар бере отырып, оқушы-субъектінің ізденісіне, яғни, жеке тұлғаның әрекетін дамытуды мақсат етудеміз.

Өз іс-тәжірибемізде оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабақты үш тілде жүргізудің тиімділігі зор. Өнімді нәтиже

беріп жүрген іскерлік ойындары: «Полиглот», «Кім тапқыр?», «Үздік тілші», «Кел, сайысайық!», «Тілдер сөйлейді» сынды тағы басқа ойындарды өткізудің үштілді меңгертудегі маңызы айрықша. Оқушыларды ойната отырып, үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар, анаграммалар олардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылықтарын арттыруға негіз болды. Сондай-ақ, ақпараттық технологияны: электрондық оқулықтар, презентациялар, тест т.б түрлері оқушылардың қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға түрткі болды. Шығармашылық жұмыстарға жетелейтін тапсырмаларды да оқушылар қызыға орындап, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыланды. Мәселен, «Мақал-мәтелдердің үндестігі» салыстыру жұмысы оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты ұсынылып, сыныбына орай күрделеніліп отырады. Бұл тапсырмада мақал-мәтелдерді тақырып бойынша табу, үш тілде аудармасын ұсыну, үндестігін табу.

Бұл тапсырмалар оқушылардың ізденушілік әрекеттеріне, өз беттерімен білім алып, алған білімдерін ортаға салып, дәлелдеу дағдыларына түрткі болды. Ауызша, жазбаша сөйлеу тілдерін дамытты. Пәнаралық байланыстың негізінде оқушылар әр пәннен алған білімдерін тоғыстыра отырып, өз мақсаттарына жете білуге дағдыланды. Үштілділікті әдебиет сабағында да жүйелі түрде қолданып келеміз. Мәселен, әдебиет сабағында «Ертегілер» тақырыбын өткенде іздендіру-зерттеу бағытындағы тапсырма ұсынуға болады. Яғни, «қазақ ертегілері мен әлем халық ертегілерінің үндестігі» тақырыбы бойынша оқушылар салыстыру жұмысын жасап, тапқан деректерін топпен бірлесе отырып, үш тілде еркін баяндап беруге талаптанады.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту – білім сапасын көтеру құралы. Қазіргі ғылым мен техника дамыған қоғамда білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілігі дамыған, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етіп отыр. Білікті де білімді маман болу үшін әр ұстаз өз білімін үздіксіз жетілдіріп, заман талабына сәйкес кәсіби біліктілігін үнемі үздіксіз жетілдіріп отыруы тиіс. Педагог оқытудың жаңа әдістерін барынша жетік меңгеріп, неғұрлым шығармашылығы жоғары болса, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі соғұрлым кең болмақ [2, 23]. Қазіргі заманауи талапқа сәйкес өзіндік көзқарасы бар жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мұғалімдер үшін маңызды мәселе болып отыр. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тірегі етіп тәрбиелеу әр ұстаздың, әр мектептің жауапкершілікпен атқаратын міндетінде. Үштілде білім беру қызығушылық емес, қажеттілік екенін ұққанда ғана ұстаз, шәкірт, мектеп арасындағы ұштағанның ісі алға жылжитыны хақ.

Қорытындылай келгенде, болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған үш тілде еркін сөйлеп, әлемнің кез-келген жерімен еркін байланысқа түсіп жатса еліміздің ертеңінің көркейте түсері сөзсіз. Олай болса бүгінгі талапкерлерге әлемдік кеңістікке қанат қағып, шет тілін меңгерсем деп талап білдіргендерге сәттілік тілейік.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
2. Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері, А, 2008ж.

METHODS OF CONCEPTUAL ANALYSIS ON PRACTICAL RUSSIAN LANGUAGE LESSONS

Terekova Fariza Yembergenovna

Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor

K.Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe

aktobedrp@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада практикалық орыс тілі сабағындағы әдістеме түрлері туралы айтылады. Инновация термині қарастырылып, қазіргі замануи талаптарға сай орыс тілінің оқытып орыс мәдениетін, менталитетін дұрыс қабылдауға мүмкіндік тудыру.

Аннотация. В статье рассматриваются виды методологии практических занятий по русскому языку. Концепция инноваций состоит в изучении русского языка в соответствии с современными требованиями, в правильном восприятии русской культуры и менталитета.

Annotation. The article deals with the kinds of practical lesson of Russian language methodology. Considered in terms of innovation, in accordance with the requirements of modern Russian language training to create an opportunity to take the mentality of the Russian culture.

Тірек сөздер: әдіс, инновация, талап.

Ключевые слова: метод, инновация, требование.

Key words: method, innovation, requirement.

As you know, the modern technique has chosen an innovative way of development. The essence of this way consists in the following: linguistics in its development in recent times is based on two approaches to language: traditional instrumental (or rational) approach that includes three understanding of the language (the language - system of signs; language as a tool of communication; language is a tool of cognition and thinking) and cultural philosophical approach (involving the introduction of the student to the language as "in the realm of sense" and "house of spirit" [1, 3]. In the framework of the competence approach, along with two linguistic competencies (linguistic and communicative), the competence of linguistic and cultural, due to the cumulative function of language and the dialectical relationship of language and culture and, understood as "awareness of the Russian language picture of the world, mastering the culture of international communication" [2, 38].


The implementation of the culture-oriented component of education goes in different ways. Our experience shows that in the conditions of actualization of the philosophical foundations of education to ensure its integrity and values, as well as the increasing importance of subjective position of the personality of the lecturer and the student, the most productive is linguoconceptology methods, creatively approach students in learning concepts of Russian culture, the construction of a coherent picture of the world. In the understanding of the term innovation, we adhere to the results of research of modern psychologists who have found that the ability to absorb the material under the condition of the development of creative abilities of students in both the usual and non-standard situation is much more than expected. Therefore, innovation is a creative approach to the development of creative abilities of the student, belief in the intellectual abilities of the student.

In modern psychology, there are two points of view on creativity:

1. All thinking is creative (there is no non-creative thinking);

2. In the BSE, creativity is defined as human activity that creates new material and spiritual values that have social significance. This criterion is considered to be applicable to the evaluation of the work of scientists, artists, art historians, architects who create socially significant products. But innovation in the educational process - is the discovery of a new, "new in the new" as a result of the mental search of creative activity. Elements of creativity are manifested in students as an activity in educational activities using different types of analysis of language units at different levels; as independence of thought, initiative, originality of judgment, creative imagination. Thus, when working with the meanings of words and identifying their cultural meanings, which serve as an intermediary between language and culture, we use the techniques of new technologies: cluster analysis, the method of educational conceptual analysis, expanding students ' knowledge not only about the word, but also about the world and its relation to this world.

Thus, cluster analysis is used in the study of various topics, both grammatical and speech plan, for example, in the study of the topic: "Symbols of the Republic of Kazakhstan":



In general terms, the methodological model of the educational conceptual analysis of a word can be represented as follows:

- Creating a vocabulary portrait of a word (word at the dictionary level)
- Creating a conceptual and metaphorical portrait of a word (a word at the level of a phrase and microtext)

- Creating a verbal portrait of a concept (word at the text level and in the dialogue of cultures).

This model includes the following techniques, which work on the lessons of practical Russian language students of 1 course in various specialties:

- Establishing the lexical meaning of a word (according to dictionaries).
- Establishment of the internal form of the word based on etymological and historical-cultural analysis.
- Establishing the conceptual meaning of a word (according to encyclopedic dictionaries).
- Establishment of derivational (derivational) word links.
- Analysis of combinable properties of the word.
- Considering semantic relations with other words of the native culture, for example, shame, honor, dignity, conscience, reputation, guilt, etc.

Thus, a purposeful, systematic study of the concepts of Russian culture seems to be quite promising and relevant, since it develops creative skills to correctly, accurately and freely express the meaning existing in the individual's concept system. Using algorithms and techniques of cognitive linguistics at the lessons of practical Russian language, students form ways of deep understanding of the conceptual meaning of the word, replenishing background knowledge, and perceiving the general content of the culture of the language being studied.

References:

1. N.L. Mishatina Modern methodology: an innovative way of development // Russian language at school. - № 2, 2009, pp.3 -11
2. O.B. Postoikina Problem-based learning is one of the ways to develop students' creative thinking // Russian language and literature. - № 1, 2010, pp. 39 - 43

ҮШТІЛДІ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ

Төлеуова М.Қ., Оразғалиева Ж.Р.

№40 және №14 орта мектеп мұғалімдері, Ақтөбе қ.

Аңдатпа. Берілген мақалада үштілді оқытудың мақсаты, үштілді оқыту жүйесінде ақпараттық технологияны қолданудың тиімділігі қарастырылады.

Аннотация. В данной статье рассматриваются цель полиязычного обучения, а также роль инновационной технологии в обучении трехязычия.

Annotation. In the given article purpose and role of using innovative technology in multilingual education are reviewed.

Тірек сөздері: көптілді оқыту, білім, ағылшын тілі, орыс тілі, қазақ тілі, ақпараттық технология, жас ұрпақ.

Ключевые слова: полиязычное обучение, знание, английский язык, русский язык, казахский язык, инновационная технология, молодое поколение.

Key words: multilingual education, education, English, Russian, Kazakh, innovative technology, young generation.

Тұңғыш Елбасы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Қазақстан халқына Жолдауында: “Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі”, — деген болатын. Ағылшын тілі — әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ.

Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. «Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек» [1, 49]. Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған. «Келешекке кемел біліммен»,–деп Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр [2, 33].

«Үштілділік — нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы», бүгінде оны қолдануға жан-жақты күш салынууда. Көптілділік қағидасын іске асыруда орта мектеп пен жоғары оқу орындар арасындағы сабақтастық өз дәрежесінде орын алу үшін бұл мәселе мемлекет деңгейінде заңдастырылуы қажет деп санаймыз. Мысалы, шетел тілінде оқытылатын пәндер тізімі мен мазмұнын анықтау, кадрлар даярлау мәселелері бірізділік пен жүйелілікті қажет етеді. Көптілділік дидактикасына байланысты соңғы уақыттағы басылымдар мен тәжірибеге сүйенсек, бұл құбылысты іске асыруда төмендегі қағидаттарды ұстанған абзал [2, 15]:

- бірнеше тілдерді интегративтік түрде оқытып, оның ішінде бір тіл негізгі базалық тіл болып есептеледі, ол тіл екінші және үшінші тілді меңгеруге оң әсерін тигізеді;
- тілдерді қатарластыра отыра оқыту;
- тілдерді үйренуде оқушылардың оқу және лингвистикалық тәжірибесін пайдалану (әмбебап терминдер, әр тілдегі ұқсас грамматикалық категориялар тілдерді меңгеруді жеңілдетеді);
- тілдерді меңгерудегі тыңғылықтылық, асығыстыққа, үстірттілікке жол бермеу;
- тілдерді оқытудың танымдық бағытында оқушы көптілділік құзыр-қабілеттілікті меңгеріп қана қоймай, тіл құбылыстарына қызығушылық танытатын лингвист ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету;
- тілді меңгеруде мәдениаралық бағыттылық, білім алушы тек көптілді тұлға ғана емес, көпмәдениетті азамат ретінде қалыптасуы шарт.

Ғалым Барышниковтың есептеуінше, бірнеше тілді үйрену оқытушыдан және білім алушыдан ыждаһаттылық пен табандылықты талап етеді. Тілдік және сөз жаттығуларының кең көлемде орындалуы, бейдәстүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану (мысалы, бірнеше мұғалімдердің бір мезгілде сабақ жүргізуі), аудио- және бейнеқұралдарды пайдалану, субтитрі бар фильмдер көрсету, жергілікті теледидардан «Тіл сағаты» хабарларын немесе сабақтарын жүйелі түрде беріп тұру, серік немесе желілі теледидар бағдарламаларын тамашалау, тілдерді жетік меңгерген немесе шетел тілдерін ана тіл ретінде меңгерген азаматтармен кездесу кештерін, шетел тілінде жүргізілетін клубтар жұмыстарын ұйымдастыру көптілді коммуникативтік құзыр-қабілеттің дамуын арттыратын бірден-бір таптырмас құрал [3, 28]. Енді шетел тілін оқытудың кейбір ерекшеліктеріне тоқтала кетейік, шетел тілі кез келген тіл тіркесі ретінде қоғамдық-тарихи өнім, бұл құбылыста халықтың тарихы, мәдениеті, әлеуметтік қатынастар жүйесі, әдет-ғұрып, дәстүрлер бейнеленеді.

Оқытушы мен оқушының арасындағы әр түрлі ақпарат алмасудың аясын кеңейту ақпараттық жаңа технологияларды (АЖТ) қолданудың алғы шарттары болып табылады. Е.С. Полаттың пікірінше, АЖТ микропроцессор техникасы, қазіргі телекоммуникациялық ақпарат алмасу — аудио-, бейнетехникасының негізінде жұмыс істейтін бағдармалық-ақпараттық құралдар мен жабдықтар. Олар ақпаратты жинақтау, пайдалану, сақтау, өңдеу және жөнелту сияқты операцияларды іске асырады. Технологияны қолдану оқу жүйесінің барлық компонентіне әсер етеді: ол оқу мақсатын, мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және әр түрлі ұйымдастыру формаларын қамтиды [3, 30]. АЖТ-ны қолдану адамның интеллектуалдық, шығармашылық әлеуетін, аналитикалық сыни ойлау жүйесін дамыта отыра, тіл үйренушінің өз бетімен білімін толықтыруға және ақпараттың әр түрлі дерек көздерімен жұмыс істеуге

мүмкіндік туғызады. Осы жерде 2 технология туралы айтып кеткен жөн: 1) интеллектуалды технология — ойлау жүйесінде интеллектуалды процестерді тиімді іске асыруда қолданылатын әдіс- тәсілдер кешені; 2) информатикалық технология, компьютерлік технология осының бір құрамдас бөлігі. Осы орайда оқу үрдісінде қолданылатын ақпараттық дидактикалық құралдарды да атап өткен жөн: 1) программаланған оқулық (оқу материалы курстың логикалық құрылымымен сәйкес бірнеше элементтерге жіктеліп қысқаша берілген, оның ішінде сұрақ-жауап бөлімдері де бар); 2) электрондық оқулықтар; 3) мультимедиалық оқу құралдары. Мұнымен қатар компьютерлік технология электрондық сөздіктерді, энциклопедиялық және ойын бағдармаларын да қамтиды. Шетел тілін үйренуде компьютерлік бағдармаларды пайдалана отыра, тыңдап-түсіну, сөйлеу, оқу, жазу сияқты біліктерді және фонетикалық, грамматикалық, лексикалық дағдыларды дамытуға болады.

Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибе жүзінде іске асыру бүгінде отандық мектептен маманның шығармашылық өзін-өзі жетілдіру саласын дамытуға, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет етуін қамтамасыз етуге, оның ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретіндегі рөлін арттыруға, орыс тілінің лингвистік белсенділігін сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына сәтті кірігу тілі ретінде енгізу бағытталған көптілді білім беруді енгізуді талап етеді. Бұл мәселенің бүгінде мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары аясында қарастырылып отырғандығы қуантады. Қазіргі таңда оқушыларға компьютермен, интернетпен, интербелсенді тақтамен сабақ өткізу толығымен жолға қойылып отыр. Көптеген мұғалімдер осы уақытқа дейін техникалық құралдармен сабақ өтіп, оның қаншалықты тиімді екенін дәлелдеді. Компьютермен сабақ өткізу арқылы оның қолданылуын үйрене отырып телесабақтарды тың, жаңа деңгейде өткізуге, оқытушы мен оқушының қарым-қатынасының педагогикалық және методикалық тұрғыдан сараланып алынған алуан түрлі қызмет түрлерінің қолданылуы жүзеге асады. АКТ қолдану барысында өздерін қызықтыратын әр түрлі мәселелерді шешуге болады және талқылайды. Компьютермен бала жазады, оқиды, түрлі тестілер орындайды. Техникалық құралдарды пайдаланудың ең тиімді жағы уақытты ұтасын, дәл, тиянақты оқу-материалдарын алдын-ала дайындап, оқушыға беріп отырсаң өзінен-өзі жасауға тырысады, қызығады, жасамай, үлгермей отырған оқушы болмайды, себебі оның алдында бәрі дайын тұр. Сонымен қатар мұғалім қазіргі мектептегі ақпараттық құралдарды жетік меңгеру, Power Point, Active Studio бағдарламаларымен жұмыс істеп қана қоймай үнемі интернет жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістерді өзінің кәсіби шеберлігіне қолдана білу, білім кеңістігін кеңейту, ашу бағытындағы өзгерістер мен әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге талпыну керек. Соңғы кезде уақыт көрсетіп отырғандай, мұғаліммен салыстырғанда оқушыда көп ақпарат болатыны кейінгі көрсетілген тәжірибелер дәлелдеп отыр. Сондықтан әрбір мұғалім өз қызметіне ақпараттық технологияны пайдалана білуі қажет. Бұл мәселе білім беруді ақпараттыңдырудың қажетті шартына айналып отыр.

Ақпараттық технологияны оқу үрдісінде қолдану барысында жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларын қалыптастыруға қажетті мүмкіндіктерді қамтитындығы анық. Сонымен қоса бүгінгі білім беру жүйесінде, яғни көптілді білім беру саласында, ақпараттық технологиялар — бүгінгі заман тапсырысы. Сондықтан жоғарыда аталған ғалымдардың ғылыми ойларын есепке ала отырсақ, көптілді оқу жүйесіндегі жаңа технологиялардың маңыздылығы ашылмақ.

Әдебиеттер:

1. Түймебаев Ж.К. Полиязычное образование как фактор обеспечения конкурентоспособности специалиста // «Жоғары мектеп жүйесінде көптілді білім беру: өзекті мәселелері мен болашағы» атты халықарал. ғыл.-тәжір. конф. материалдары. — Астана-Қарағанды, 2008. — 11–12 қараша. — 3–5-б.

2. 2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. — 2004. — 15 қаңт.— 40–48-б.

PROBLEMS OF MULTILINGUAL EDUCATION IN MODERN KAZAKHSTAN

Тугамбекова Марксиана Алпысбаевна

КарГТУ, преподаватель кафедры иностранных языков

Семсер Риза Муслимовна

КарГТУ, студент, г. Караганда, marksiana@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы көптілді білім беру мәселелері қарастырылады. Президент тапсырмаларының тәсілдеріне, білім беруде көптілділікті енгізу жөніндегі мәдени жобаларға қатысты 1979 жылдан 2007 жылға дейінгі кезеңде Translationum жобалық индексінің деректері келтіріледі.

Аннотация. В данной статье рассматривается проблемы полиязычного образования в Республике Казахстан. Приводятся данные проекта Index Translationum с 1979 по 2007 гг. Говорится о подходах, поручениях главы государства, культурных проектах по внедрению полиязычия в образование.

Annotation. This article deals with the problems of multilingual education in the Republic of Kazakhstan. Provides data project Index Translationum from 1979 to 2007 refers to the approaches the President's instructions, cultural projects for the implementation of multilingualism in education.

Тірек сөздер: көптілді білім, тіл, мәдениет, мектептер, университеттер, ғылым, білім.

Ключевые слова: полиязычие, образование, языки, культура, школы, вузы, наука, обучение.

Key words: multilingual, education, languages, culture, schools, universities, science.

Each state at a given historical moment of time is distinguished by several basic features, it is: its territory, language and religion. It is believed that the loss of one of the signs ultimately leads to the loss of the entire state. It would be naive to assume that these signs throughout the history of nations have never been subjected to major changes. Nevertheless, today we know quite a few ancient peoples who managed to preserve their ethnic language, religion and sovereign territory within certain limits. The further fate of all states is associated with two main goals - increasing competitiveness and preserving cultural identity. These sometimes conflicting goals are set for modern education [1].

Kazakhstan, located in the heart of Eurasia, at the junction of the interests of large civilizations, has always needed multiculturalism and tolerance. Great Abay saw in language an important factor in the development of society. In the 25th word of edification, he says: "After studying the language and culture of other nations, a person becomes equal among them, not humiliated by useless requests." Abay called to learn Russian, in order to "learn from their achievements", "to comprehend their science. Because Russians have become as they are, learning other languages, joining world culture "[2, 21-30]. Shokan Ualikhanov believed that education should be European and universal.

These commandments are relevant now, in the 21st century. Historical, geopolitical, socio-economic and cultural factors have highlighted the importance of learning international languages.

Today, out of 7.2 billion people on Earth, 2/3 speak one of 12 languages as their own. These are English (527 million), Chinese (1.39 billion), Hindi-Urdu (588 million), Arabic (467 million), Spanish (389 million), Russian (254 million), Bengali (250 million), Portuguese (193 million), German (132 million), Japanese (123 million), French (118 million) and Italian (67 million) [3, 65].

However, not all of these languages have the same status in science, literature and ICT technologies. According to the Index Translationum project from 1979 to 2007. English has a dominant position as the original language: 55% of books are translated from English, compared with only 6.5% of translations into English. In addition, 96% of all translations are limited to approximately 20 original languages, of which 16 languages are European (93% of the total), and the four other languages from which translations are most often made are Japanese (0.67%), Arabic

(0.54%), Hebrew (0.64%) and Chinese (0.4%) [4, 88]. For comparison, for the studied period, when the number of carriers was 3.5 times less, almost 30 times more were translated into German than into Arabic.

Бұл студенттердің ауызша немесе жазбаша тілде дереу қолдануға қажетті грамматикалық аспектілерді меңгеруін білдіреді. Мысалы, тіл үйренудің алғашқы кезеңінде әртүрлі адамдарға қатысты нәрселерді сипаттағанда, ауызша түсіндіргенде тәуелділік септігі қажет (**The Possessive Case**), атап айтқанда **Mike's textbook, Ann's mother, the boy's room, etc.** Оқушы грамматиканы осы грамматикалық ережелерді практикада қолдана отырып, әртүрлі жаттығуларды орындау арқылы меңгереді.

3. Грамматиканы оқытудағы құрылымдық тәсілде грамматикалық ережелер құрылымды түрде немесе сөйлеу үлгілерінде жүзеге асырылады. Көптеген әдіскер-мұғалімдердің мақсаты оқушыларды шет тілін жетік меңгеруге және сөйлеуге үйрету болғандықтан, құрылымдық тәсілдің белгілі бір талаптары бар.

Оқушылар шет тілінде айтылған сөзді түсіне білуге және алғашқы кезеңнен бастап шет тілінде сөйлеуге үйретілуі керек. Бұл оқушылар сөйлеу үлгілерін білген жағдайда және сөздерді үлгі бойынша қолдана алса іске асырылуы мүмкін.

Көптеген педагогтар тарапынан грамматиканы үйретудегі құрылымдық тәсіл мектеп бағдарламасында қолданыла бастады. Себебі ол оқушыларға ұқсас тұстары бойынша сөйлем құрастыруға, әртүрлі ситуацияда бірдей үлгі пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқушылар сөйлеу үлгілерін меңгеріп, оны ауызша және жазбаша сөйлеу түрінде пайдаланады.

4. Грамматиканы оқытудағы ситуациялық тәсіл. Оқушылар грамматикалық құбылысты ситуациялық жағдайда үйренеді. Мысалы, тәуелділік септігін (**The Possessive Case**) сынып жағдайларында тиімді енгізуге болады. Мұғалім сынып ішіндегі кез-келген нәрсені алып, мынау Нинаның қаламы (**This is Nina's pen**), бұл Сашаның жаттығу кітабы (**That is Sasha's exercise book**) деп айтады. «**I want somebody to do something**» күрделі толықтауышты да сынып жағдайында қолдануға болады. Мысалы, мұғалім оқушыға қарап, **Pete, I want you to give me your exercise book. Please, give it to me. Lena, I want you to help Nick with his English. Please, help him with his reading. Andrew, I want you to clean the blackboard. Will you?** - деп айтады.

5. Активті және пассивті грамматиканы оқытудағы дифференциалды тәсіл. Ауызша сөйлеуді қалыптастыру барысында оқушылар грамматикалық жаттығуларды ауызша орындап, соңында оларды үлгіге ала отырып сөйлем құрастырады. Мысалы, оқушылар бір нәрсені сипаттау, әңгімелеу кезінде Present Perfect-ті қолдануы тиіс делік. Олар мұғалім сөзіндегі Present Perfect-те қолданылған етістіктерді мұқият тыңдап, кейін оны өз әңгіме барысында қолданады. Кейін оқушылар Present Perfect-те жасалған етістіктерді әртүрлі ауызша сөйлемдерде қолданып, соңында the Present Perfect Tense-те жасалған барлық сөйлемдерді жазып алады. Тағы бір мысал келтіріп көрелік. Оқушылар Past Continuous формасындағы етістіктері бар мәтінді оқығалы жатыр. Бұл кезде оқушыларға ауызекі сөйлеуге уақыт керек емес. Олар тек мәтін мазмұнын түсінуі шарт. Оқушылар Present Continuous шағымен таныс болғандықтан, олар жаңа шақ формасының мағынасын оп-оңай игеріп, мәтінді оқу барысында сөйлемдерді түсіне алады. Мұғалім мәтінде кездескен Past Continuous-та жасалған барлық етістіктерді жазып алуды және олардың астын сызуды талап ете алады [6, 58]. Ерте жастан шет тілінің грамматикасын үйретуде мұғалім осы айтылған әдіс-тәсілдерді басты назарда ұстауы шарт. Бұл мұғалімге білім беру процесін табысты түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып шетел тілдерін, оның ішінде ағылшын тілін ерте жастан бастап бала санасына меңгерту болып табылады. Ағылшын тілін толық меңгеру үшін алдымен бала ағылшын тілінің грамматикасын білу керек. Оқушыларды шет тіліне үйретуде, олардың жалпы білім деңгейін, зияткерлік қабілеттерін, ой-өрісін, сауаттылығын арттыруда шет тілі грамматикасын меңгертудің маңызы ерекше болып табылады. Балаларды ерте жастан грамматиканы толық және сапалы түрде меңгеруге дағдыландыру, олардың шет тілін үйренуге қызығушылықтарын арттырып, бастапқы білімді дұрыс қалыптастырумен айқындалады. Бұл мәселелерді қарастырғанда, ана тілінің де алар орны ерекше. Бұл орайда шет тілін оқытқанда ана тілімен салыстыра отырып, терең білім қалыптастырған дұрыс. Грамматиканы үйретудегі маңызды мақсат – сөздің грамматикалық мағынасын ескеру, әр грамматикалық құбылыстың мазмұнын, құрылымы мен қызметін зерттеу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шет тілін оқыту әдістемесі: оқу құралы/ Г.Амандықова, Ш.Мұхтарова, А.Бисенғалиева. – 3-бас. – Астана: Фолиант, 2018. – 168б.
2. Методика преподавания английского языка: Учебное пособие / Н. Ильина, Р. Нурғалиева. – Астана: Фолиант, 2010. – 376стр.
3. Формы и методы обучения грамматике на уроках английского языка (в младших классах): Учебное пособие / Ю.Б. Смирнова. – Торжок, 2014. – 26стр.
4. Рогова Г.В., Верещагина И.Н. Методика обучения английскому на начальном этапе в средней школе: Пособие для учителя. - М.: Просвещение, 1988.- 224с.
5. Гальскова Н.Д., Никитенко З.Н. Организация учебного процесса по иностранным языкам в начальной школе.//Иностранные языки в школе. 1994– №1– С.8-16
6. Современная методика обучения иностранным языкам (общие вопросы, базовый курс): Учебник для студентов педагогической специальности и преподавателей иностранных

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Жалелова Гаухар Ибатқызы

Оқытушы

Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ

gaukhar.zhalelova@mail.ru

Аңдатпа. Түрлі деңгейдегі ойындар балалардың ой- өрісін дамытып, шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып берік меңгеруге үлкен әсерін тигізеді.

Аннотация. Различные уровни игры играют важную роль в продвижении мышления и творческого мышления детей и значительном расширении их словарного запаса.

Annotation. Different levels of game play an important role in promoting children's thinking and creative thinking, and greatly enhancing their vocabulary.

Түйінді сөздер: ойын, психологиялық және әлеуметтік факторлар, дидактикалық ойындар

Ключевые слова: игры, психологические и социальные факторы, дидактические игры.

Keywords: games, psychological and social factors, didactic games.

Ойын- оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушының бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолданылады. М. Жұмабаев «Ойын – бала үшін өмірлік тәжірбие» - деп атап көрсетсе, ал, шетелдік ғалым Ж. Пиаже «ойын – баланың рухани дамуының негізі» - болып табылатындығын атап көрсеткен. Олай болса ойын балалардың білімге, оқуға және еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы маңызды құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы және ойлауы да дамиды. Ал мұғалімнің негізгі міндеті – балалардың ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету.

Ойын мен адамның мәдениетінің өзара байланысы ғылыми түрде анықталды. Оларды тұлғаны дамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады.

Ал ойын элементтері кез- келген баланың қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын баланың өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Оқушылардың қызығушылықтарын тудыратын ойындардың бірі – дидактикалық ойындар.

Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім баланың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі технологиялық әдіс- тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, әртүрлі деңгейдегі жуан және жіңішке сұрақтарды қолдану арқылы затты көрсетіп, түсіндіріп ойын барысын ұйымдастырады.

Түрлі ойындар балалардың ой- өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсерін тигізеді. Түрлі деңгейдегі ойын түрлері балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Балалар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да білетін болады.

Кез-келген ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді. Ойын нәтижесі әр баланың өз жетістіктері, әсерлері, алған білім дағдысы жөнінде өзге балалармен, мұғалімдермен көбірек әңгімелесіп, кітапханада өз бетімен іздене білуге, қажетті материалдарды іріктей біледі.

Ойын арқылы бала нені үйренеді:

1. Бала үшін қауіпсіз.
2. Бала тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйретеді.
3. Алған білімді нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді.
4. Уақытты үнемдеуге үйретеді.
5. Ойын бала үшін психологиялық жағымды.
6. Ойын барысында шешім қабылдау балалардың аса жауапкершілікті талап етеді.

Сабақта ойын түрлерін пайдалану сабақ түрлері мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны. Ойын түрлерін оқу процесін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында қолдануға болады. Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдылық маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдығын күшейтеді, балалардың сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаға көңілді және жеңіл келеді.

Ойынды іріктеп алуға нақтылы сабақтың мақсаты, мүмкіндіктері мен жағдайларын ескеруге ерекше назар аударған жөн. «Ойыннан басталады», - десек, баланың ойын жетілдіріп, сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін мұғалімнің басты қолданатын тәсілі.

Ойын біріншіден білу және үйрену, екіншіден адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірбесін жинақтауға көмектеседі.

Ойын баланың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келе, А.С.Макаренко былай деп жазды:

«Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады». Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады.

Оқу тәрбие процесіне кіргізілетін ойындардың жалпы ерекшеліктері:

1. Ойын баланың қызметіндегі психикалық процесте (сезіну, қабылдау, ойлау, елестету, ес, ықыласын, тілін) активтендіреді.
2. Ойын ерікті түрде құрылады.
3. Ойын шығармашылық қабілетті дамыту үшін барынша мүмкін жағдай жасайды.
4. Ойын барысында балалар терең қанағаттанарлық, қуаныш алады.
5. Ойын кез келген оқу материалын еліктіретіндей, қызықтыратындай жағдайға әкелуге көмектеседі.

Қытай даналығында: «Маған айтсан, мен ұмытып қаламын; маған көрсетсен, мен есімде сақтаймын; ал өзіме әрекет жасауға мүмкіндік берсен, мен үйренемін» деп айтылғандай, біз балаға бір апаратты тек айтып қана қойсақ, ол ұмытып кетуі мүмкін, көрсетсек есінде қалуы мүмкін, ал ойын үрдісінде баланың өзіне жасауға мүмкіндік берсек, бала өзі үйреніп кетуі әбден мүмкін. Сондықтан да, мен өз сабақтарымда студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арыттыруда мынадай лексикалық ой түрлерін қолданады: “Magic box”, “Find the word”, “Step by step”, “Hinder number”, “Magic square”, “Mystery word”, “Odd one out”. Мұндай ойын түрлері студенттердің сабаққа деген ынтасын арттырады.

1. Magic Box: How many words?

How many different words can you make from this square?
Make up 30 or 40 words and try to find one word with all nine letters in it.

M	I	G
---	---	---

N	E	H
T	S	O

You must not use any of the letters more than once in the same word. Each word must have than three or more letters in it. Try to find one word with all nine letters in it. Names of people or places are not allowed.

At the end of ten minutes, check your words with the dictionary.

20 words: Quite good.

30 words: Good.

40 words: Very good.

Keys: Get, eight, ghost, gone, got, hen, him, his, hit, hot, men, met, might, mine, most, nest, net, night, nose, not, one, sent, set, shone, shot, sight, sing, sir, some, something, stone ,ten, them, thin, thing, this, those, tie, time, toe.

2.Step by Step.

In this game only one word mast change each time.

BOY
BAY
MAY
MAN

In this example BOY changes into MAN.

SEA
SKY

Can you change SEA into SKY?

LAND
SEAS

3.Hidden Numbers

1.At camp we have fan in every kind of weather.

2.Pat won the road race.

3.Bessa swins even when the sun isn't shining.

4.I made our neighbour's dog get off our porch.

5.Brittanny's height helps her make basket after basket.

6.Boht reels for my fishing rod are broken.

7.Ther was a goldfinch on each perch of the feeder.

Keys: nine, two, seven, four, eight, three, one.

4. Magi's square.

Riddle.

You can read a popular saying if you cross out in the boxes:

- 1) 3 spots
- 2) 3 weather words
- 3) 4 colours
- 4) 2 things
- 5) 3 words that rhyme with "eight".

/	/	/	/	/
/	/	/	/	/
/	/	/	/	/
/	/	/	/	/
/	/	/	/	/

Көрнекті нидерланд оқымыстысы Йохан Хейзинганың «Ойнаушы адам» деген дүниежүзіне кең тараған еңбегінде: «Ойын адамзат әрекетінің жан-жақты қамтылған әдісі, адамзат тіршілігінің әмбебап категориясы», «Ойын өмір сүру тәсілі емес, бірақ адам әрекетінің құрамды негізі» және «Ақылды адам дегеніміз ең әуелі ойнайтын адам» деген екен. Жалпы қорытындылай келе, ағылшын тілі сабағында ойын тиімді тәсіл екендігіне көз жеткіздік. Ойын балалардың пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттыруға әсері мол болады деген сенімдемін. Тиімді қолданылған кез келген технология білім сапасын арттыратыны ақиқат.

Әдебиеттер:

1. Островский Б.С. Английский язык 1992 стр77
2. Афанасьева О.В. English 2002 стр80,92
3. Құлжанова Н. Ойын мақсатын талдау және ойын мән// Қазақстан мектебі. -2001.- №1.б.74
4. Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка. // Вопросы психологии.-1966.Т.6.340.с
5. Ахметов Н.К., Хайдаров Н.Ж. Игра как процесс обучения.- Алма -Ата. Знание. 1985.48с

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ (ИКТ) В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Жанғалиева Шолпан Серікбайқызы

учитель русского языка и литературы, средней школы №6 имени Г.Актаева, город Актобе, Актюбинская область
shola6@inbox.ru

Андатпа. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында (АКТ) құзыреттілік білім берудің басым міндеттерінің бірі болып табылады. АКТ-ны қолданып, кез-келген пәнді оқып үйрену оқушыларға пәннің қызығушылығын арттыруға ықпал ететін сабақтың элементтерін құруға және көрсетуге мүмкіндік береді. АКТ-ны пайдаланған сабақ - айқын, түсінікті, танымдық сабақ болып табылады. Мұндай сабақ мұғалім мен оқушының уақытын үнемдейді, соқушының өз қарқынымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді,

Аннотация. Использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в учебном процессе является актуальной проблемой современного школьного образования. Оно призвано повысить эффективность проведения уроков, усилить привлекательность подачи материала, разнообразить формы обратной связи, осуществлять дифференциацию видов заданий. Использование в образовательном процессе современных информационных технологий, способствует продвижению человека в мировое информационное пространство,

стимулирует самостоятельность в обучении, делает урок красочным, наглядным, информативным.

Annotation. The use of information and communication technologies (ICT) in the educational process is an actual problem of modern school education. It is designed to improve the effectiveness of lessons, increase the attractiveness of the presentation of the material, diversify feedback forms, and differentiate the types of tasks. The use of modern information technologies in the educational process contributes to the advancement of a person into the world information space, stimulates independence in learning, makes the lesson colorful, clear, informative.

Тірек сөздері. Ақпараттық – коммуникациялық технология, компьютерлік орта, білім беру үдерісі, оқушының қызығушылығы, оқу процесін автоматтандыру, мультимедиялық сабақтың құралы, сабақты көрнекі ету, дифференциация, жеке оқушының қабілеті

Ключевые слова. Информационно-коммуникативные технологии, компьютерная среда, образовательный процесс, повышение мотивации обучения, автоматизация учебной деятельности, мультимедийное сопровождение урока, иллюстрирование урока, дифференциация, индивидуальные особенности учащихся.

Key words. Information and communication technologies, computer environment, educational process, increasing motivation for learning, automation of learning activities, multimedia lesson support, illustration of the lesson, differentiation, individual characteristics of students.

Компетентность в области информационных и коммуникационных технологий (ИКТ) является одной из приоритетных целей образования. Возможность ее формирования напрямую связана с активной деятельностью школьника в информационной компьютерной среде. Использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в учебном процессе является актуальной проблемой современного школьного образования.

Использование информационно-компьютерных технологий открывает для учителя новые возможности в преподавании своего предмета. Изучение любой дисциплины с использованием ИКТ дает детям возможность для размышления и участия в создании элементов урока, что способствует развитию интереса школьников к предмету. Внедрение ИКТ в образовательный процесс призвано повысить эффективность проведения уроков, освободить учителя от рутинной работы, усилить привлекательность подачи материала, осуществить дифференциацию видов заданий, а также разнообразить формы обратной связи.

Сегодня необходимо, чтобы каждый учитель по любой школьной дисциплине мог подготовить и провести урок с использованием ИКТ, так как теперь учителю представилась возможность сделать урок более ярким и увлекательным. Использование ИКТ в учебном процессе - один из способов повышения мотивации обучения. ИКТ способствуют развитию творческой личности не только обучающегося, но и учителя, помогают реализовать главные человеческие потребности - общение, образование, самореализацию.

«Урок с использованием ИКТ - это урок наглядный, красочный, информативный, такой урок экономит время учителя и ученика, позволяет ученику работать в своем темпе, позволяет учителю работать с учеником дифференцировано и индивидуально, дает возможность оперативно проконтролировать и оценить результаты обучения» [1, 37].

Информационные технологии, как правило, рассматривают в трех аспектах:

- а) как предмет изучения;
- б) как средство обучения;
- с) как инструмент автоматизации учебной деятельности.

Для педагога при использовании ИКТ на уроках открывается ряд возможностей: компьютер берет на себя функцию контроля знаний, помогает сэкономить время на уроке, богато иллюстрировать материал, трудные для понимания моменты показать в динамике, повторить то, что вызвало затруднения, дифференцировать урок в соответствии с индивидуальными особенностями каждого ученика.

ИКТ может применяться следующим образом:

- для подготовки раздаточных материалов;

- в качестве мультимедийного сопровождения урока;
- компьютерное тестирование и др.

Психологи отмечают, что «современные дети информацию на экранах мониторов, ноутбуков, проектора, телевизора воспринимают намного лучше, чем печатную книжную информацию» [3, 44]. Поэтому в процессе обучения, как правило, повышается интерес учащихся к урокам с использованием ИКТ.

Организовывая урок с использованием ИКТ, нужно учитывать следующие факторы:

- уровень подготовки класса,
- методическую цель урока,
- тип урока,
- готовность учащихся к виду учебной деятельности,
- санитарно-гигиенические требования, которые регламентируют возможность применения компьютеров в учебном процессе с учетом возрастных особенностей учащихся.

Процесс внедрения новых информационных технологий в образование в целом дал свои положительные результаты: увеличился объём образовательных ресурсов в интернете, повысилась активность учителей и школьников в использовании ресурсов и возможностей интернет.

При использовании интернет-технологий появляется возможность:

- развивать навыки работы с информацией;
- познакомить учащихся с разнообразными способами изложения материала и наглядного оформления мыслей;
- научить находить информацию в различных источниках;
- выделять в информации главное и второстепенное; упорядочивать, систематизировать;
- развивать критическое мышление учащихся;
- развивать навыки самообразования;
- создавать собственные информационные прототипы и продукты.

Современная школа с успехом использует средства Интернет в дистанционном обучении учителей и учащихся.

Можно выделить следующие преимущества дистанционного обучения через Интернет:

- возможность заниматься в удобное для себя время;
- одновременное обращение большого количества обучающихся ко многим источникам учебной, общение через сети друг с другом и с преподавателями;
- использование в образовательном процессе современных информационных и телекоммуникационных технологий, способствующих продвижению человека в мировое информационное пространство;
- социальное равноправие (равные возможности получения образования у всех желающих);
- стимулирование самостоятельности в обучении.

Использование ИКТ в преподавании различных предметов школьного курса невозможно без достаточной технической базы, соответствующего программного обеспечения и подключения к сети Интернет и достаточных умений работы с компьютером самого учителя.

Роль телекоммуникаций необычайно велика и при дистанционном обучении, при участии в дистанционных конкурсах, олимпиадах, в процессе участия в которых происходит продуктивная познавательная деятельность детей.

«Образовательный процесс на современном этапе должен обеспечивать формирование творческой личности, готовой к деятельности при широком распространении и внедрении во все сферы деятельности ИКТ. В процесс обучения проникают и все больше применяются элементы дистанционного обучения (дистанционные олимпиады, конкурсы, курсы и т.д.). Средства ИКТ являются инструментом, не только доставляющим учащимся различные знания по информатике, но и средствами, усиливающими творческие возможности

обучаемого, возможности проводить исследования, выполнять задания – проекты» [2, 29]. Более того, возможность телекоммуникационного доступа к мировым информационным ресурсам достаточно эффективно влияет на личностное восприятие учащимися, обучаемыми окружающей среды.

Самостоятельность учащихся при работе в Интернет (поиск информации, выполнение проектов, участие в дистанционных конкурсах, олимпиадах) позволяет рассматривать глобальную компьютерную сеть работы с Интернет как инструмент познания и саморазвития, что, в свою очередь, способствует проявлению социальной активности учащегося.

Общая информационная культура общества неразрывно связана с эффективностью внедрения ИКТ в процессы школьного обучения. Использование интернета учителем ставит ряд проблем, решение которых зависит от эффективного взаимодействия ряда субъектов науки и практики: создателей образовательных порталов и обучающих программ, методистов и учителей для организации образовательной деятельности в условиях информационного общества.

Использование ИКТ – мощное средство для создания оптимальных условий работы на уроке, но оно должно быть целесообразно и методически обосновано. ИКТ следует использовать только тогда, когда это использование дает неоспоримый педагогический эффект и ни в коем случае нельзя считать применение компьютера данью времени или превращать его в модное увлечение.

Литература:

1. Бабич И.Н. Новые образовательные технологии в век информации / Материалы XIV Международной конференции «Применение новых технологий в образовании». – Троицк: Фонд новых технологий в образовании «Байтик». – 2003. – С. 68-70.

2. Лямзин Д.В. Использование ИКТ в учебном процессе // Материал из Letopisi.Ru — «Время вернуться домой».

3. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред. Е.С. Полат. - М., 2000.

PROJECT-BASED LEARNING IN THE TEACHING OF ENGLISH AS A FOREIGN LANGUAGE

Zhurmagambetov S.M.

4th year student of ARSU named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan
zhurmagambetov@gmail.com

Sarbassova A.E.

Candidate of Philological Sciences, Department of Foreign Philology and,
ARSU named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan
aigul_sarbassova@mail.ru

Андатпа: Мақалада ағылшын тілін шет тілі ретінде оқыту барысында қолданылатын жобалық жұмыстың мәселелері қарастырылды. Жобаларға негізделінген оқытудың теориялық принциптері беріліп, жұмыс барысында кездесетін қиындықтар және жобалық жұмыстың артықшылықтары ұсынылған.

Annotation: This article deals with implementing project work in the teaching of English as a foreign language. Theoretical foundations for project-based learning are presented and applied in the classroom, difficulties encountered are discussed, and benefits resulting from student participation in project work are suggested.

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы успешного применения проектной работы в обучении английского языка как иностранного языка. Представлены теоретические принципы обучения на основе проектов, описаны трудности проектной работы и даны преимущества проектной работы как достижение студентов, участвовавших в проекте.

Тірек сөздері: Жобаға негізделінген оқыту, ағылшын тілі шет тілі ретінде, білім, дағдылар, кабілеттері, тәсілі.

Keywords: Project-based learning, English as foreign language, knowledge, skills, approach.

Ключевые слова: Обучение основанное на проектной работе, английский язык в качестве иностранного языка, знания, навыки, прием.

When it comes to prepare the next generation for the future, then education becomes the primary concern. Traditional learning in classroom-based education is being challenged by the ever increasing complexity in our lives and societies. Researches in the learning methods have opened new vistas in Project-Based Learning. PBL is becoming widely used in schools and other educational settings, with different varieties being practiced, and there is growing confusion about what high quality Project Based Learning looks like.

Project-based learning (PBL) is a student-centered pedagogy that involves a dynamic classroom approach in which it is believed that students acquire a deeper knowledge through active exploration of real-world challenges and problems. Students learn about a subject by working for an extended period of time to investigate and respond to a complex question, challenge, or problem. It is a style of active learning and inquiry-based learning. PBL contrasts with paper-based, rote memorization, or teacher-led instruction that presents established facts or portrays a smooth path to knowledge by instead posing questions, problems or scenarios [1].

Thomas Markham describes project-based learning (PBL) thus: "PBL integrates knowing and doing. Students learn knowledge and elements of the core curriculum, but also apply what they know to solve authentic problems and produce results that matter. PBL students take advantage of digital tools to produce high quality, collaborative products. PBL refocuses education on the student, not the curriculum- a shift mandated by the global world, which rewards intangible assets such as drive, passion, creativity, empathy, and resiliency. These cannot be taught out of a textbook, but must be activated through experience." [2,38].

John Dewey initially promoted the idea of "learning by doing". In *My Pedagogical Creed* Dewey enumerated his beliefs regarding education: "The teacher is not in the school to impose certain ideas or to form certain habits in the child, but is there as a member of the community to select the influences which shall affect the child and to assist him in properly responding to these.....I believe, therefore, in the so-called expressive or constructive activities as the center of correlation." [3,15]

PBL shifts away from the instruction of teacher-centeredness to that of student centeredness. The purpose of PBL is to foster students' abilities for lifelong learning through contextualizing learning by presenting them with problems to solve and/or artifacts to create; in doing so, students' motivation and enthusiasm, their problem-solving abilities, research skills, sense of collaborations, resource management skills, longing for communication and information sharing, and language use awareness are progressively evident, and more important, such a process of engaging in various levels of projects may turn their life experiences to advantage. In language instruction, PBL is a flexible methodology allowing multiple skills to be developed in an integrated, meaningful, ongoing activity.

Students work on a project over an extended period of time – from a week up to a semester – that engages them in solving a real-world problem or answering a complex question. They demonstrate their knowledge and skills by developing a public product or presentation for a real audience. As a result, students develop deep content knowledge as well as critical thinking, creativity, and communication skills in the context of doing an authentic, meaningful project. Project Based Learning unleashes a contagious, creative energy among students and teachers.

Many benefits of incorporating project work in foreign language settings have been suggested. First, the process leading to the end-product of project-work provides opportunities for students to develop their confidence and independence. In addition, students demonstrate increased self-esteem, and positive attitudes toward learning [4,39]. Students' autonomy is enhanced [5,80], especially when they are actively engaged in project planning (e.g. choice of topic). Another

reported benefit is improved language skills [6,28]. Because students engage in purposeful communication to complete authentic activities, they have the opportunity to use language in a relatively natural context and participate in meaningful activities which require authentic language use.

The benefits of PBL can be maximized when the teachers and students follow the ten-step process of implementing project work. The ten steps are summarized as follows:

Step 1: Students and teacher agree on a theme for the project

Step 2: Students and teacher determine the final outcome of the project

Step 3: Students and teacher structure the Project

Step 4: Teacher prepares students for the demands of information gathering

Step 5: Students gather information

Step 6: Teacher prepares students to compile and analyze data

Step 7: Students compile and analyze Information

Step 8: Teacher prepares students for the language demands of the final activity

Step 9: Students present the final product

Step 10: Students evaluate the project

This section proposes some suggested English learning projects which can be used for students of English:

Speaking Projects: Speeches and presentations on audio/video cassettes, oral proficiency interview on audio/video cassettes.

Listening Projects: TV or radio news in American/ British or Australian English and transcripts,

Reading Projects: reading logs, reading responses, readings about different topics, book reports, lab reports, newsletters, advertisements,

Writing Projects: Compositions and drafts, guided writings, journal entries, diaries, letters to pen-pals, e-mail correspondence, book reports, lab reports, field trip reports, newsletters, advertisements, brochure or booklet writing, etc.

Integrated Skills Projects: questionnaire project, listening and writing project, reading and writing project, etc.

Translation Projects: Translations of campus briefs/company brochures/ articles/ stories/ technical writings/ travel guides/advertisements, and literature translation, consecutive interpretation project, etc.

Others: Standardized tests and quizzes, goal-setting worksheets, and self-assessment records that reflect linguistic competence of students, projects for different specializations, e.g. linguistic project, British culture project, culture portfolio project, etc.

With a PBL project to work on, students can build up motivation and autonomy, expanding intellectual development and improving a lot of skills and knowledge needed for their life. However, the teacher, with the role of an instructor and facilitator, should provide sufficient assistance and cooperation so that the students could fulfill their projects comfortably and motivated.

To sum up, Project - Based Learning contributes to enhance not only the motivation of the students to learn English but it promotes individual and social values to improve the coexistence. When English learning is based on solving a problem the learning and teaching English process becomes more motivating. It is because the students feel seriously engaged in solving the problem.

Without doubt, PBL should be widely applied at university where students need to enhance necessary authentic knowledge and skills for their life and work.

References:

1. https://en.wikipedia.org/wiki/Project-based_learning#cite_note-1
2. Markham, T. (2011). Project Based Learning. *Teacher Librarian*, 39(2), pp. 38-42.
3. John Dewey, *Education and Experience*, 1938/1997. New York. Touchstone, pp.1-15
4. F. Stoller, *Project-Based Second and Foreign Language education: past, present, and future* (pp. 19-40), Information Age Publishing, 2006.

5. P. Skehan, *A cognitive approach to language learning* (pp.79-80). Oxford University Press, Oxford, 1998.

6. G. S. Levine, *Global simulation: a student-centered, task based format for intermediate foreign language courses. Foreign Language Annals*,(pp. 26-36), 2004.

ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРМЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРА ҚЫЛЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ

Ибатуллина М.А.

Саржансай жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімі, Ақтөбе обл., Мәртөк ауданы

Аңдатпа. Берілген мақалада білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі қарастырылады.

Аннотация. В данной статье рассматриваются преимущества применения инновационно-информационных технологии в обучении иностранным языкам.

Annotation. This article deals with the advantages of using innovative technologies in teaching foreign languages.

Тірек сөздері: оқыту, заманауи технология, мәселе, білім беру, оқушы, шет тілі, біліктілік.

Ключевые слова: обучение, новая технология, проблема, знание, ученик, иностранный язык, квалификация.

Key words: education, modern technology, problem, pupil, foreign language, qualification.

Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ.

Білім беру үрдісін ақпараттандыруда төмендегідей әдістемелік, педагогикалық міндеттерді шешуге болады:

- білім беруде көлемді ақпаратқа қол жеткізе алу; білім алуға мотивацияның жоғарылауы; өз бетінше жұмыс істеу; өзін-өзі бақылау және т.б.

- жеке тұлғаны жетілдіру (тұлғаның ой-өрісі, эстетикалық тәрбие, зерттеу жұмысымен шұғылданды іскерлігін дамыту, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және т. б.

- әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру (компьютерлік біліктілікті қалыптастыру, белгілі бір сала бойынша маман дайындау және т. б.)

- оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру (білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру, танымдық әрекеттің мотивін қамтамасыз ету, пәнаралық байланыстарды тереңдету және т. б [1, 23].

Ағылшын тілін оқыту кезінде кез келген бір әдістемені қолдану әртүрлі шарттарға байланысты болып келеді. Ең басты шарттары: ағылшын тілін оқытудың алдына қойылатын мақсаты, оны оқып-үйренуге бөлінген уақыт, сағат саны жатады. Осы шарттардың ішінде аса маңызды роль атқаратын-оқыту мақсаты болып келеді. Бұл шарт қоғамның дамуы, оның басқа елдермен саяси, шаруашылық және тағы да басқа байланыстары шетел тілін оқытудың мақсаттарын анықтауға тікелей әсер етеді.

Белгілі ғалым Н. Д.Гальскованың айтуы бойынша, кіші сынып оқушылары шетел тілдерін меңгеруге өте бейім. Баланың имитациялық қабілеттері, табиғи қызығушылығы әрқашан жаңаны меңгеруге қолайлы жағдай жасайды.

Мотивация факторлары мыналар:

- Оқу мазмұнының әртүрлілігі;
- Оқушы мен оқытушы байланысының жанды интенсивті болуы;
- Оқытушы тұлғасы;

Қазіргі уақытта шетел тілін оқытудың коммуникативтігі, интерактивтілігі, аутенттігі тілді үйрену үрдісінің мәдени контексте болуы үстемдікке ие болуда. Көп жағдайда шетел тілін оқыту үрдісінде оқытушы студент ойын басқарады, яғни, бағыт беру немесе жетекшілік етуден гөрі, ол басшылық қызметіне ауысады. Бұл әрекет, психологтар көрсеткендей, студенттердің ойлау процесін тежейді. Мысалы, дөңгелек үстел, пікірталас мәселесін оқытушы өзі дайындап, жоспарды беріп, студенттен сөйлеу барысында тек соған сүйенуін талап етеді. Яғни, өз ойын айтуда тұлғаға еркіндік берілмейді [1, 44].

Ағылшын тілін оқыту әдістеріне мыналарды жатқызуға болады: Логикалық ойлау; Грамматикалық-аударма әдісі; Сатылау; Тізбектеу әдісі; Үнсіздік әдісі; Физикалық сезіну әдісі; Рольдік ойындар; Жобалау ідісі; Проблемалық оқыту әдісі; Анализдеу; Миға шабуыл; Пікір алмастыру; Интерактивті әдістер; Ойға шолу, Аудиолингвистикалық әдіс; Түсіндіру; Көрнекілік әдісі; Практикалық әдіс т.б. Ағылшын тілін оқыту әдістерінің ең алғашқы қолданылған әдісі-«Grammar-translational method» (грамматикалық-аударма әдісі) болды. Бұл әдісте қандай да бір грамматикалық құрылым меңгеріліп, кейін сол тақырыптарға орай сөйлем мәтіндері жинақталады. Одан кейін сол сөйлемнің аудармасы қамтылады. Қандай да бір әдіс түрі сияқты бұл әдістің де өзіне тән ерекшеліктері болды. Біріншіден, бұл әдіс грамматиканы жетік меңгеруге жол береді. Екіншіден, логикалық ойлау қабілеті дамиды.

«Silent way» (үнсіздік әдісі) әдісін атауымызға болады. Ағылшын тілін оқытуда бұл әдістің басты мақматы – тіл үйренушіге кедергі келтірмеу, әрі оған оқытушының көзқарасын араластырмау. Бұл әдіс бойынша оқытушы ешнәрсе айтпайды, бірақ ол оқыту барысында күрделі түрлі түсті таблицаларды қолданады. Бұл таблицалардағы белгілер мен түстер белгілі бір дыбысты таңбалап одан жаңа сөздер құралады. Мысалы, «dog» сөзін айту үшін «d», кейін «o», сосын «g» дыбысының белгісі саналатын квадрат немесе түрлі таяқшалар көрсетіледі. Содан сөз құралады. Үнсіздік әдістің артықшылығы оқытушының тілді меңгеру сапасы, оқушының тілді меңгеру сапасына ықпал етпейді.

Келесі қарастыратын әдісіміз «Total-physical response» (физикалық сезіну әдісі) деп аталады. Бұл әдіс оқыту барысында іс-қимылдар арқылы жүргізіледі. Оқушы алғашқыда білім алады, ағылшын сөздерін үнемі тыңдайды. Ал кейін оқығанын не тыңдағанын қимылмен сезінеді. Оқушы физикалық қимылдарды білдіретін сөздер арқылы барлық сөздерді меңгеруге мүмкіндік алады. Мәселен, «отыр» деген сөзді түсініп олар отырады.

«Коммуникативтік әдіс» (қарым-қатынас әдісі). Оның ең басты мақсаты-әңгімелесушілердің сөздері түсінікті болуы үшін адам баласын бір-бірімен тілдік қарым-қатынас жасауға үйрету. Бұл әдіс түрі ағылшын тілін үйретуде ең жеңіл және қолайлы әдістің түрі болып табылады. Себебі коммуникативтік әдіс қазіргі таңда да жұмыс барысында жиі қолданылады. Осы әдіс ағылшын тілін үйретудегі бірқатар үлгілі тәсілдердің үйлесімді көрінісі.

«Audio-Lingual method» (аудиолингвистикалық әдіс) әдісі. Бұл әдісте оқушы магнитофоннан немесе оқытушының айтқан сөздерін тыңдап, кейін бірнеше рет қайталайды. Оқушы осы іс-әрекетте сөздердің, сөйлемдердің немесе тіркестің дұрыс айтылу жолдарымен және оны аз уақыт көлемінде жаттап алу, оны қарым-қатынас әдісінде қолдану шарттары бейімделе бастайды.

«Suggestopedia» (ойғашому) әдісі. Бұл әдістің тәсілдері – тәсілдерге қарағанда күрделірек болып келеді. Себебі осы әдісті қолдана отырып оқушы қиялға беріледі. Бұл әдістің мән-мағынасы мынадай: оқушы ағылшын тілін үйрену кезінде өзін мүлдем басқа адам болып сезінеді. Ол өзіне жаңа есім таңдап, жаңа өмірбаян ойлап табады. Сөйтіп, оқушы өзін мүлдем бөгде әлемде – ағылшын әлемінде отырғандай күйкешеді. Бұл әрине оқушылар үшін қызықты және жұмбақ болып келеді. Осы әдісте қолданылған барлық тәсілдер оқушылардың оқып-үйрену процесінде оң әсерін тигізеді [2, 115].

Педагогикалық технология деп оқудың сапасын жақсарту және жобалық қортындыға жету мақсатында оқытушы мен студенттер біріккен технологиялық іс-қимылын айтады.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологияларды сабақта қолдану — бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым – қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан мектебі» журналы. № 9 2017 жыл
2. Н.С.Сарсенова «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруда оқытудың жаңа технологиясын енгізудің тиімді жолдары», Алматы 2006жыл

**ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ
ТИІМДІЛІГІ**

Керімбаева Б.Т.

Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ, Шетел тілдері факультеті, «Шетел филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі,
PhD, доцент, kerimbaeva-bota@mail.ru

Саркулова Ж.К.

Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ, Шетел тілдері факультеті, «Шетел филологиясы және аударма ісі» кафедрасының магистр оқытушысы
zhanarussen@mail.ru

Аңдатпа: Әлемдік бәсекелестік заманда әрбір адамның білім санасын, қабілеттік деңгейін іскерлік мүмкінділігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бүгінгі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту.

Аннотация: Качественное знание, деловая возможность, уровень способности, развитие человеческого ресурса являются актуальной проблемой в современном мире, знания и навыки людей определяют конкурентоспособность того государства.

Главнейшей задачей системы образования на сегодняшний день – это переход к национальной модули образования.

Annotation: The quality of knowledge, business opportunity, ability level, and development of human resource are actual problems in the modern world, knowledge and skills of people determine the competitiveness of the state. Today The main task of the educational system is the transition to the national modules of education.

Кілт сөздер: инновациялық технология, білім, білім беру, қалыптастыру

Ключевые слова: инновационные технология, знание, образование, формирование

Key words: innovation technology, knowledge, education, formation

Қазіргі ғаламдық жаһандану жағдайында мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында болашақ мүғалімдерді даярлаудың сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударылуда. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында және Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасының 76-қадамында «Адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту», 79-қадамында «Даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру» – деп, нақты тапсырмалар міндеттелген болатын [1].

Сонымен қатар, егеменді еліміздің Білім беру саласын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [2] міндеттерінің бірі еліміздің әлеуметтік-экономикалық қоғам талаптарына лайықты сапалы мамандарды даярлау көзделген. Осы орайда Қазақстан Республикасы үкіметінің ел экономикасын дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде - білім мен ғылымға баса көңіл бөлінуде.

Еліміз егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру, жаңа технологияларды енгізу, компьютерлендіру бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға жол ашуда.

Елбасы өз Жолдауында «ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» деп атап өтті. Өйткені, соңғы жылдары пайда болған «ілімге негізделген экономиканы» ескермесе болмайды. Әлемдік бәсекелестік заманда әрбір адамның білім санасын, қабілеттік деңгейін іскерлік мүмкінділігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бүгінгі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу.

Қазақстанның экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын, әлемдік цивилизацияға көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – бүгінгі мектеп, ұстаздар қауымының міндеті.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі кездегі барлық білім беру технологияларының алдына қоятын мақсаты - білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Инновациялық технологиялардың оқыту үрдісінегі жүйесі – мақсат, мазмұн, әдіс-тәсіл, екендігін ұмытпаған жөн. Себебі, жаңа инновациялық технология оқытушы шеберлігін жетілдіруге ықпал жасап, білімгердің ойлау қабілетінің ұштала түсуіне әсерін тигізеді. Сонымен қатар білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау, білімді қабылдау, оқу тәрбие үрдісінде білімгердің жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияны қолдануды басты назарда ұстау керек. Әрбір оқытушы күнделікті дәрісте компьютер, интерактивті тақтаны тұрақты пайдаланумен қатар, электронды оқулық және интернет материалдары арқылы білімгердің пәнге деген ынтасын арттыра түсуге міндетті.

Бүгінгі таңда танымал болып отырған оқыту технологияларын белсенді түрде қолдана білсек, жаңа мазмұнды білім беру процесі нәтижелі болып, оның сапалық көрсеткіштерін арттыру қиынға соқпайтыны белгілі.

Қазақстан Республикасында 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында «Жоғары білімді мамандар даярлау Дублин дескрипторларына және жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес әзірленген білім беру бағдарламалары шеңберінде қалыптастырылады. ЖОО-ның білім беру қызметі нарығында олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге ықпал ететін білім беру бағдарламаларының кең спектрін ұсына алады» деп көрсетілген. Сонымен қатар, бағдарламаны іске асырудың нәтижелерінің бірі ретінде «... бәсекеге қабілетті мамандарды сапалы даярлауды қамтамасыз етуді» [3] көздейтіндігі айтылған.

Қазіргі қоғам нано, кибер және басқа да инновациялық технологиялардың жаңа технологиялық толқынында тұр. Осы толқынды құраушылардың бірі *Smart –жүйелерде бірігетін Smart-технологиялар, Smart-құрылғылар, Smart-қорлар*. Бұл өзіндік жасанды интеллектке ие медиакөністікте өараәрекеттесуді түрлендіре алатын «ақылды» құрылғылар.

Smart-қоғамның негізгі идеясы - жетілдірілген ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды мүмкіндіктерін пайдаланып, адам өмірінің барлық аспектілерін жақсарту болып табылады.

Smart – бұл Интернетті пайдаланып, бұрын өзара бірігуде болмаған екі немесе одан да көп элементтердің бір нысандағы интеграциясын сипаттайтын қасиет.

Мысалы, Smart-TV, Smart-Home, Smart-Phone. Smart-технологиялар білім беруде, мемлекеттік қызметте, басқа да салаларда еңбек ұтқырлығын кеңейтуге әкеледі. Негізінде, Smart-жүйе – бұл мен компьютерлердің жаңа буыны, мобильді. Қазіргі кезде гаджет, смартфон, планшет білімгерлер үшін ең таныс терминдер болып табылады. Гаджет ретінде адам іс-әрекетін жеңілдетуге арналған кез-келген шағын құрылғы аталады [4, 110].

Smart-қоғамда жұмыс істеу дағдылары қалыптасқан маман даярлау Smart-университеттердің міндеті.

«Қазақстан цифрлық экономикаға апарар жолда» мақаласында көрсетілген «The Boston Consulting Group» (BCG) компаниясының зерттеулері нәтижелеріне қарағанда, Қазақстан экономиканы цифрлау деңгейін жөнінен 85 мемлекеттің ішінде рейтингтің 50-ші орын алады және цифрлық экономикасы дамып келе жатқан топқа жатады.

Жоғары білім беру үдерісін ақпараттандыруды ЖОО оқыту, ғылыми зерттеу мен тәрбие үдерісінің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыру барысында болашақ мамандардың жоғары кәсібилік дәрежесінің белгісі ретіндегі олардың ақпараттық іс-әрекеттерін қамтамасыз ету үдерісі деп түсінеміз.

Заманауи жаңа ақпараттық технологиялар - заманауи компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен заманауи техникалық құралдар жиыны. Жоғары білім беруде ақпараттық технологиялардың жиі кездесетін осы анықтамасын біз де қолданамыз. *Оқытудың заманауи ақпараттық технологиялары* - қазіргі оқыту технологиясын интерактивті бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеумен қамтамасыз ететін заманауи компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары, инструменталдық бағдарламалық құралдар жиыны. Оқыту үдерісіндегі заманауи ақпараттық технологиялардың негізгі міндеттері - танымдық әрекеттерді басқару үдерісі мен заманауи ақпараттық білім қорларына қол жеткізудің интерактивті ортасын жасау ісі болып табылады.

Таразы – Орион белбеуінің қазақша аты. Аспандағы күн жолындағы он екі зодиактік шоқжұлдыздардың бірі арабша Мизам, орысша Весы деп аталады. Бірақ қазақ халқы Таразы деп мұны айтпай, аспандағы оған қарама-қарсы тұрған Орион белбеуін айтады. Мамырдың онында жерге түскен Таразы Үркерден көп кейін шілде айының соңына таман таң алдында шығыстан туады. Бұл кез жаздың нағыз аптап ыстығының өткен шағы. Дегенмен, осы мезгілде күндіз әлі ыстық болғанымен, таң салқындай бастайды. Сондықтан “Таразы туды, таң суыды” деп, осы мезгілден бастап, бала-шағаның түнде сыртқа жатуына рұқсат етпейді. Таразы туған мезгілдегі ауа-райына қарап, алдағы қыстың қандай болатындығын болжап, топшылайды. Бұл кездегі шуақты, тымық күндер “мизам шуағы” деп аталады. Шуақты күндер көп болса, алдағы қыс жұмсақ, жайлы болады деп күтіледі.

Сүмбіле туса, күн суыр.

Үркер, Таразылармен қатар батқанымен, Сүмбіле бәрінен кейін туады. Бұл аспан шырағы шамамен тамыз айының жиырмасында туады. Бұл кезде күн әлі жылы, шуақты болғанымен түн салқындайды. Мұның әсерін судан анық байқауға болады. Сондықтан қазақ әдетте “Сүмбіле туса, су суиды” деп, бұл мезгілде өзен-көлдегі суға шомылуға тыйым салады.

Сәуірдегі жауын –

Сауып тұрған сауын.

Сәуірде жанбыр мол болса, көк те мол болады. Көк жеген малдың сүті де болады. Қазақтың “Сәуір болмай, тәуір болмас” дейтіні де сондықтан.

Сәуір болса, күн күркірер,

Күн күркіресе, көк дүркірер.

Сәуір айында жауын-шашын көп болса, көк те көп болады.

There is nothing new under the sun [Әлемде (күн астында) еш жаңа нәрсе жоқ]. Мақал өз бастауын Екклесиаста кітабынан алған. Мақалдағы “under the sun” әлемде деген мағынада қолданылып тұр.

A cat has nine lives [Мысықтың тоғыз өмірі бар].

She joked about her illness and said that she was a cat with nine lives, eight of which had been lived to the full; the next attack, she said in her charming deep voice, would be the grand finale.

(Noel Coward, Future Indefinite, 1954).

I’m like a cat with nine lives; each one lasts ten years, and I’ve just had my eighth. I’m going to live to be ninety, you’ll see. I’m not too old to have some fun (J Byrom, Or Be He Dead).

Бұл мақал ағылшын тіліне көне үнді тілінен енген, санскрит тілінде жазылған көне жинақтардан кездестіруге болады, ал ағылшын тіліне 1570 жылдары аударылған. “A Greedy and Ambitious Cat” [Қомағай және шамданғыш мысық] деген мысал әңгіме арқылы енген. Бұл әңгіменің жалпы мазмұны төмендегідей: “Бір мысық өзінің кәрі қожайыншасымен аштықтан күйзеліп өмір сүріп жүреді. Бір күні ол басқа мысықты кездестіріпті. Бір айырмашылығы ол мысықтың қарны тоқ, семіріп алғанын көріп аш мысық таң қалады. Жөн сұраса корольдің сарайында ас көп екендігін біледі. Аш мысық тоқ мысықпен бірге

корольдің асханасына барады. Өкінішке орай, сол күні бар қызметшілерге асхана жағалаған барлық мысықты қуу бұйырылған екен. Қанша қуғанына қарамастан тоқ мысық бәрібір асханаға кіреді. Аспазшылардың бірі лақтырған пышақ мысықтың кеудесіне қадалыпты. Қанға малына кеудесімен жылжып, келе жатып мысық: “Осы жағдайдан аман қалсам, енді корольдің асханасына кірмеспін, кірсем, тоғыз өмірімді де бірден жоғалтады екенмін,” – деп ойлапты дейді [1, 130].

Шекспирдің Ромео және Джульетта шығармасында Меркуциоға Тибальт: “Менен саған не керек?” – деп сұрағанда, Тибальт оған: “Мысықтардың патшасы, маған сенің тоғыз өміріңнің бірінен басқа түк керек емес”, – дейді. Басқаша айтқанда, өзге жануарларға қарағанда мысықтың өлімнен құтылатын мүмкіндігі молырақ. Себебі мысық – өте секемшіл, әрі абайлап қимыл жасайды. 1546 жылы John Heywood-тің “Proverbs” атты мақал-мәтелдер жинағында *A woman hath nyne lyues like a cat (A woman has nine lives like a cat – Мысық сияқты, әйелдің тоғыз өмірі бар)* деген мақал бар. Қазақ тілінде де жоғарыдағы ағылшын мақалына ұқсас: “Әйелдің қырық жаны бар” деген мақал бар.

There is a black sheep in every family [Әр отбасында бір қара қой бар].

Англияда отар ішінде қой қара қозы тапса, жаман ырым саналған. Халықтың қара қойды ұнатпауының бір себебі экономикалық факторда жатыр. Ақ қойдың жүні қалаған түске бояуға келсе, қара қойдың жүні бояу алмайтындықтан бағасы төмен бағаланатын еді. Англияда адамға байланысты айтылатын “қара қой” бейнелі тіркесі XVIII ғасырда қалыптасқан. Thomas Macklin өзінің 1792 жылы жазған “The Man of the World” атты пьесасында “You are a black sheep: I’ll mark you” деп жазған еді. “Black sheep” тіркесі мақал құрамында ағылшын әдебиетіне XIX ғасырдан бастап енді, яғни “There is a black sheep in every flock (or fold)” үлгіде қолданыла бастады. Кейінірек: “*There is a black in every family*” (с.с.а.: Әр отбасында бір қара қой бар) деген нұсқада халық арасына кеңінен таралды.

Birds in their little nests agree (с.с.а.: Құстар өздерінің кішкентай ұясында келіседі). Ағылшын тіл мамандарының пікірінше, бұл мақал бастауын Исаак Уоттстың “Divine Songs for Children” жинағындағы “Love between Brothers and Sisters” өлеңінен алған. Бұл мақал егер де құстар өздерінің кішкентай ұясында бір-бірімен келіспей бірін-бірі шоқылап төбелесетін болса, балапандарының бірі болмаса бірінің ұядан құлап өлу қаупі бар екендігін ескертеді, ал ауыспалы мағынада отбасының ауызбіршілігіне, ынтымағына сондай-ақ, бірлестіктерге байланысты айтылады. Мақал “Егер бақытты тұрғың келсе, бір-біріңмен сыйласуға, біріңнің айтқаныңа көнуіңе тура келеді” деген мағынада қолданылады.

Rolling stone gathers no moss (с.с.а.: Домалайтын тас мүк жыймайды). Ағылшын тілінде ***Rolling stone gathers no moss*** (с.с.а.: Домалайтын тас мүк жыймас) деген мақал бар. Бұл мақалды ағылшындар өте жиі айтады. Ескіні қадір тұтқан ағылшындар үшін мүк – байлықтың белгісі. Мақалдың мағынасы: “Бір жерден бір жерге үздіксіз, тыным таппай көшіп жүрген кісі дүние жинай алмайды, ешқашан байымайды”. Сондай-ақ кейінгі кезде аталмыш мақал махаббатқа байланысты да “Бірден кетіп, бірге барып жүрген адамда махаббат, береке болмайды” деген ұғымда қолданылып жүр. Зерттеу деректеріне қарағанда бұл мақалдың көне грек тіліндегі түп нұсқасы ***A rolling stone gathers no seaweed*** (с.с.а.: Домалайтын тас теңіз балдырын жыймайды). Теңіздің суы толқынданып, жағалаудағы тастарды үсті-үстіне тынымсыз жуып жататындықтан, ол тастардың үстіне теңіз балдыры жабысып үлгермейді екен. Стивэнсонның пікірінше, Erasmus 1523 жылы “Adagia” шығармасында мақалдағы балдыр сөзін мүкке ауыстырып жазған көрінеді. Көпшілікке жақсы танымал болып үлгерген мақалдың жаңа нұсқасы жиырма үш жыл өте 1546 жылы Heywood-тың мақалдар жинағына ***The rolling stone neuer gatherth mosse*** (с.с.а.: Домалай берген тас мүк жыймас) күйінде енген.

Зерттеу барысында бір қызық фактордың куәсі болдық. Ол – уақыт, заман өте келе бұл мақалдың мағынасын әр заман түлегі өзінше түсініп, өзінше ой қорытқандығы. Аталмыш мақалдың мағынасында әрдайым күңгірттік барлығы сезіледі. Егер бір орында тұрақтамаған адам байымайды, көгермейді десек, мұның кейде шындыққа жанасымсыздығы сезіледі. Мысалы: Horatio Alger (1832-99) Америкадан Парижге бүлікші болып кетіп, соңында шіркеу

министрі әрі балалар жайлы кітаптың авторы болып қайтқаны белгілі. Мұндай мысалдарды молынан келтіруге болады.

Біздің пайымдауымызша, мақал о баста егін, ауыл шаруашылығы негізгі күн көріс болып тұрған шақта әрі-бері көше бермей, бір орында тұрақтауды үндеу мақсатында шыққан. Әр заман талабына сай өзгерістерге орай, жиырмасыншы ғасырда да өмір ағымына біршама жаңа нышандар енді, яғни жақсы өмір сүру үшін адамдардың орында тапжылмастан отырмай, ізденуі, талпынуы қажет болды. Сондай-ақ, 1960 жылы **Rolling Stones** атты поп тобы (поп группа) жастарға өте үлкен ықпал жасады. Бұл құбылыс жасөспірімдер мен жастар арасында “**rolling stone**” фразасын жақсы мағынада түсінуіне көмектесті.

Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында аталмыш мақал Англиядағы ең кең тараған мақалдардың біріне айналды. Зерттеуші Lundgren жүргізген инкстальдық зерттеу барысында бұл мақалды 162 адамның 97 пайызы білетіндігі анықталды. 1957 жылы Lundgren осы зерттеуді американдықтар арасында жүргізгенде, американдық түлектердің үштен екісі бұл мақалды “Егер ең соңғы адам болғың келмесе, әрқашан қозғалыста бол” деп түсінетіндігі және бұл мақалды “*Sitting hen never grows fat*” (с.с.а.: Бір орында отырған тауық, ешқашан семірмейді) деген мақалмен мағыналас деп танитындығы анықталған.

Үш жүз жылға жуық бұл мақал әр түрлі мәдениетті, уақыт ағымын, өмір өзгерісін басынан өткере келіп, сол замандағы қоғамдық көзқарасты бейнелеумен келеді. Алдағы ұрпақ бұл мақалды қалай, қай мағынада қабылдарын өмір өзі шешеді.

Жоғарыдағы мысалдар әр халықтың мақал-мәтелдері сол халықтың дүниетанымының айнасы екенін дәлелдей түседі.

There is no smoke without fire [с.с.а.: *Отсыз түтін болмайды*].

Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды.

Бұл мақал сыбыс қараптан-қарап шықпайды, оның артында аз да болса шындығы, ақиқаты бар деген мағынада қолданылады. Бұл мақалдың “Where there is smoke there is fire” деген варианты да бар. Chaucer өзінің “The tale of Melibeus” еңбегінде бұл мақал біздің жыл санауымызға дейін 4 және біздің жыл санауымыздағы 65-жылдарда өмір сүрген философ Сенекаға тиесілі деген пікір айтады. Бірақ Стивэнсон бұл фразаны одан да ертеректе, дәлірек айтқанда біздің жыл санауымызға дейінгі 43 жылдардағы “Publilius Syrus’ Sententiae” еңбегінде кездесетіндігі жайлы жазған еді. Қай заманда пайда болса да оттан шыққан түтін екі мың жыл бойы сыбыстың, әңгіме, өсектің символы, белгісі болып келеді. Бұл мақал ағылшынның көптеген үлкен мақал-мәтелдер жинақтарына кіргізілген және бірқатар еуропа тілдеріндегі мақал-мәтелдер жинақтарынан да жиі кездестіруге болады [2, 50].

A cat may look at a king[с.с.а.: Мысық та корольге қарай алады].

‘Couldn’t you give a hint to Almeric, not to keep staring at Alison? I am afraid Father will notice’. ‘Oh, I think there is no harm in that, dear. A cat may look at a king; and it is only in that spirit that my poor brother looks Alison’. (Ivy Compton-Burnet, A House and Its Head, 1935).

“Алисонға тесіліп қарай берме деп Алмерикке ымдасаң қайтеді, Әкей байқап қалады деп қорқамын”. “Мұнда тұрған еш жамандық жоқ, қымбаттым. Мысық та корольге қарай алады; менің бишара інім де Алисонға осы көңілмен ғана қарайды”.

Жоғарыдағы мақалға ұқсас варианттар француз тілінде де, неміс тілінде де бар. Француз тілінде Un chien regarde bien un eveque (Ит те епископқа қарай алады), неміс тілінде Darf doch die Katze ansehen (Мысық та иператорға қарай алады) дейді.

Ағылшын тіліндегі мақалдың қандай оқиғадан пайда болғаны жайлы еш дерек жоқ. Тек бұл мақал алғаш рет 1546 жылы жарық көрген Джон Хейудтың мақал-мәтелдер жинағынан орын алды.

Мақалдың қазіргі ауыспалы мағынасы тіпті ең төмен, нашар деген адамның да өз құқығы бар.

Every dog has his day (с.с.а.: Әр иттің өз күні бар).

Erasmus өзінің Adagia атты еңбегіне (1536) Плутарх Моралияның (Plutarch Moralia) Terrestrial Comparisons (с AD 95) атты еңбегінен Even a dog gets his revenge (Тіпті ит те өз кегін алады) деген сөзін цитата ретінде алған екен. Erasmus бұл мақалды Euripides

оқиғасымен байланыстырады. Arrhidaeus пен Statueas деген ақындар бақталастықтан Euripides атты грек драматургін бір қора итке өлгенше талатады. Мақал драматургін бір қора итке өлгенше талатады. Мақал алғашында қандайда да бір бейшара деген адамның өзі басқада кеткен кегін қайтармай қоймайды деген ұғымда қолданылған екен. Уақыт өте мақалдың берер ұғымы да өзгерген [3, 20-25].

Қазіргі таңда мақал кез-келген адамға жоқ дегенде бір рет болса да, бір күн болса да бақыт, ісіне сәттілік туады деген мағынада қолданылады. Кейде ойламаған, күтпген жерден ісі оңға басып кеткен жағдайда да ағылшындар қуана **Every dog has is day** (с.с.а.: Әр иттің өз күні бар) деп жоғарыдағы мақалды ауызға алады.

You can take a horse to water, but you can't make him drink.

(с.с.а.: Атты суатқа алып келе аласың, бірақ суды зорлап ішкізе алмайсың).

Мақал мағынасы: «адамның адам болуына бар мүмкіндікті туғызып, жағдай жасарсың, бірақ оның адам болу–болмауы тікелей өзіне байланысты» деген мағынада қолданылады [1, 30].

Әдебиеттер

1. Oxford Concise Dictionary of Proverbs. Oxford University Press. 2005. 505p.
2. Сәтенова С. К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. АДД. Алматы, 1997. 50б.
3. Әлімбаев М. 666 мақал мен мәтел. Алматы, 1960. 254б.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРІНІҢ АНТОНИМДІК БАЙЛАНЫСТАРЫ

Акчамбаева Ш.Т.

гум.ғыл.магистрі

Қ.Жұбанов ат.АӨМУ, аға оқытушы, Ақтөбе қ.

akchambaeva74@mail.ru

Андатпа. Мақалада семантикалық құбылыстың бір түрін құрайтын фразеологиялық бірліктер, соның ішінде антонимдік құбылыстар қарастырылады.

Ағылшын тілінің фразеологиялық қорын бақылау барысы семантикалық ерекшеліктеріне және құрылымының әр түрлілігіне қарамастан, фразеологизмдердің антонимдік байланыстары жүйелі құрам ретінде қарастырылған.

Аннотация. В статье рассматриваются фразеологические единицы которые образуют единый тип смысловой ассоциации, включая антонимический оттенок.

Семантическая структура фразеологии в исследовании антонимических связей свидетельствует о дифференциации их значения, что касается антонимической связи, то эти различные тематические тенденции позволяют некоторым антонимическим членам вводить фразеологизмы.

Annotation. The article deals with phraseological units that form a single type of semantic association, including an antonym hue.

The semantic structure of phraseology in the study of antonymic relationships indicates the differentiation of their meaning, with regard to the antonymic relationship, these various thematic trends allow some antonymic members to introduce phraseological units.

Тірек сөздері: Фразеологизм, антоним, фразеологиялық бірліктер, антономия, семантикалық құбылыс, антонимдік қатынас

Ключевые слова: Фразеология, антонимы, фразеологизмы, антонимия, семантический феномен, антонимическое отношение

Key words: Phraseology, antonyms, phraseological units, semantic phenomenon, antonymic relation

Фразеологизм- тілдің айшықты да, мәнерлі де бай саласының бірі. Өмірде күллі тіршілік атаулының бар саласын қамтитын әр ұлттың тілінде өзіне тән, бейнелі сөз ормандары тұрақты сөз тіркестері-фразеологизмдер көптеп кездеседі. Фразеологияны анық жйелі құрамы бар пән ретінде қарастыру қажет. Бұл ойды Е.Д.Поливанов та өз еңбегінде көрсеткен.

Сонымен қатар, белгілі бір тілдік материал фразеологиялық ізденістерде де берілген. Бұл фразеологияны тіл білімінің жалпы білімі ретінде қарауға мүмкіндік береді [1,6].

Ағылшын тілінің фразеологиялық қорын бақылау барысы семантикалық ерекшеліктеріне және құрылымының әр түрлілігіне қарамастан, фразеологизмдердің антонимдік байланыстары жүйелі құрам ретінде қарастырылған.

Мысалы мұндай фразеологиялық бірліктер:

with a good grace (қуана шын көңілмен)-

with a bad grace (зауықсыз, лажсыздан);

a clever dog (ақылды, есті) –

a wooden head (топас);

as dull as ditch water (зеріктіретін, жабырқаңқы адам) –

cheerful as a lark, Gay as a lark (өте көңілді) [2].

keep off the grass (кіріспеу) –

poke one's nose into somebody's affairs (килігу, кірісу)

сияқты фразеологиялық бірліктер мағынасы жағынан қарама-қарсы болады және семантикалық байланыстардың бір түрін, соның ішінде антонимдік байланысты құрайды.

Сөздердің антономиясын, фразеологиялық бірліктерді танып білудің, тілді оқыту барысында теориялық және практикалық мағынасы зор. Антономия-семантикалық құбылыс, тілдің белгілі бір бірліктерін бір біріне қарама қарсы қойған жағдайда, біз ең алдымен олардың мағыналарына мән береміз [3].

Мысалы:

fly of the handle (өзін-өзі байсалды түрде ұстамау, ашулану, сабырлық сақтамау),

work one's fingers to the bone (бар күшпен жұмыс жасау), іс қимылды білдіре тұрса да, жалпы бір белгімен білінбейді.

Біріншісі адамның психикалық іс-қимылын білдірсе, екіншісі-жұмыс барысын іс-әрекетті білдіреді.

Егер *work one's finger to the bone* фразеологизмі *twiddle one's thumbs* (бос сандалу; іссіз жүру, бос отыру) фразеологизміне қарсы олардың мағынасы бір болады, яғни адамның еңбекке деген қатынасын білдіреді.

Мысалы:

“Doesn't he drink every penny he can borrow or steal, and leave me to support the brat in my arms, which, Heaven be praised, is none o'mine, but of the strumpet as consorted with him? Don't I *work my fingers to the bone for the lazy spalpeen*? Don't I ...”

“I've got to be busy. I can't sit down and *twiddle my thumbs*”

Антонимияда қарама-қарсы бірліктердің семантикалық аспектісінің ұқсастығын байқауға болады. Берілген мысалда еңбекке деген қатынасты, соның ішінде әрекеттілік пен әрекетсіздікті антонимиялық тілдік бірліктердің өзара ерекше семантикалық қарама қарсылық қатынасы деп тануға болады. Мұндай анықтама антонимияның негізін құрайтын көптүрлілігін аша алмайды. [4,81]

Мысалы:

as rich as Croesus (very rich) – *as poor as a church mouse* (very poor);

In an ill hour (unfortunately) – *in a good hour* (fortunately)

немесе терістеу-мақұлдау, бір сөз арқылы қолданылған немесе сөз тіркесінде бар.

Keep of the grass (not to interfere in another person's business or affairs) –

poke one's nose into somebody's affairs (interfere in what does not concern one);

As clever as mud (not particularly lucid)-

as clever as day (perfectly intelligible),

фразеологизмде немесе басқа жағдайда сөз тіркестерінде қолданылады.

Ал кейбір бірліктер ішкі байланысымен ажыратылады.

As thin as a lath (as thin as a rake, as lean as a rail, flat as a board) фразеологизмі *as plump as a partridge* (торсиған, томпиған),

as flat as a pig (толық, жуан)

фразеологизмімен бірдей антонимдік қатынаста болады.

Дегенмен, соңғысы жағымсыз естіледі, бірақ *as plump as a partridge* елжіреу, қызығу дегенді білдіруі мүмкін.

Мысалы:

“Winifred? She’s got too many children. Four, isn’t it? She is as thin as a lath!”

(J.Galsworthy. The man of Property.)

“Both were over six feet, and thin as rails...”

(J.Galsworthy. Caravan, the Apple-Tree.)

“Marjorie Stafford was as fair as the morning, with bright-red cheeks, bluish-gray eyes, and flaxen hair and as plump as a partridge.

(Th.Praiser. The Financier)

“Alf Bribery’s widow married Tim Me Sweeney, they tell me?-She did ... And is as fat as a pig these days...”

(K. Prickard. Golden Miles)

Бір фразеологиялық бірліктің әр түрлі антонимдері, немесе оның антонимі бір мағынада болуы, екінші мағынасында болмауы мүмкін. Мысалы:

be at pains (take pains) – тырысу, күш салу;

sit on one’s hands фразеологизмінің ештеңе істемеу, әрекетсіздікте болу деген екінші мағынасында қарама қарсы қойылады, ал *sit on one’s hands* (сараң қол шапалақтау) мағынасы американдық *give somebody a big hand* (қызу қол шапалақтау, ду қол шапалақтау) мағынасымен қарама - қарсы қойылады.

In full (fine, great) feater фразеологиялық бірлігі бірінші- көңіл күйде болу мағынасында *on one’s last legs* (ақырғы демі таусыларда), мағынасымен антонимдік қатынаста, екінші ақшалы болу мағынасы *out of pocket-* (ақшасыз болу) мағынасымен антонимдік қатынаста болады.

Антонимдік байланыстардың зерттелуінде фразеологизмдердің семантикалық құрылымы олардың мағыналарының байланысының әр түрлілігін көрсетеді (мағынаның декатативті компоненті).

Мысалы:

to poach on somebody’s preserves (біреудің жеке өміріне араласу)

lay it on with a trowel (асырып айту).

Антономиялық байланысқа келетін болсақ, мұндай әр түрлі тақырыптық бағыт бірнеше антонимдік қатардың фразеологиялық бірліктерге енуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осы мағыналардың әрбіреуі өзіндік синонимдермен антонимдер қатарына қосылады.

Мысалы:

strain at a gnat (ұсақшыл болу) синонимдер –

flay (skin) aflint (өте сараң, тар болу);

have an itching palm (сараң болу);

антонимдері –

play ducks and drakes with (бар ақшаны шашу)

синонимдері –

spend money like water (ақшаларын судай шашу).

strain at a gnat reacon without one’s host (екінші мағынасында-қиындықтарды бағалай білмеу);

play ducks and drakes (ойланбай істеу).

Әдебиеттер:

1. Амосова Н.Н. Основы английской фразеологии. –Л., 1963.-208с

2. Кунин А.В. Некоторые вопросы английской фразеологии. Англо-русский фразеологический словарь. –М., 1967.-1264с
3. Трубецкой Н.С. Основы фонологии.-М., 1960.-75с

THE MAIN FEATURES OF ADVERTISING SLOGANS IN THE KAZAKH AND FOREIGN LANGUAGES

Amirova Ainura Amanbayevna

Senior lecturer, K.Zhubanov Aktobe regional state university, Aktobe

ainur.amirova.82@mail.ru

Андатпа. Бұл мақала жарнама слогандарының тілін және жарнама мәтінінің аудармасының ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Сөз аудармашының жұмыс ерекшеліктері және осындай қызметтің оқыту ерекшелігі туралы болып отыр, бұл бірқатар қиындықтарға байланысты. Жарнама мәтіндерін аудару тілаларлық коммуникацияның ең күрделі түрлерінің бірі болып саналады, өйткені аудармашыдан тілдерді жақсы білуді ғана емес, сонымен қатар шығармашылықты, аудиторияның мәдениетін білуді талап етеді.

Аннотация. Данная статья посвящена изучению языка рекламных слоганов и особенностей перевода рекламного текста. Речь идет об особенностях работы переводчика и специфики обучения подобной деятельности, что связано с целым рядом трудностей. Перевод рекламных текстов считается одним из самых сложных видов межъязыковой коммуникации, поскольку требует от переводчика не только превосходного знания языков, но и творческого подхода, знания культуры целевой аудитории.

Annotation. This article is devoted to the study of the language of advertising slogans and features of the advertising text translation. We are talking about the features of interpreters and the specificity of training such activities as training of interpreters which is linked to a number of difficulties. Translation of advertising texts is considered as one of the most difficult types of cross-language communication, because it requires from the translator not only excellent language skills, but creative campaign and knowledge of the culture of the target audience. **Тірек сөздері.** жарнама, аударма, жарнама ұраны, жарнамалық коммуникация

Ключевые слова. реклама, перевод, рекламный слоган, рекламные коммуникации

Key words. advertising, translation, advertising slogan, advertising communication

The study of modern social roles of advertising in the development of society, the laws of advertising as a communication act, the features of the use of language tools in the implementation of advocacy functions, the laws of the use of language tools in the activities of cognitive impact, passing language tools verbal and nonverbal means, indicates the relevance of the work. Therefore, the analysis of the language of advertising, evaluation of its stylistic features becomes a problem today.

In society, there are many definitions from the word "advertising". Advertising word-French *reclame*, German *werbung*, Latin *reclamo*, comes from Latin *reclamo* "advertising", modeling means "scream". The English are also considered as two terms of the advertising word. These are "advertising, advertisement" and publicity. The term "Advertising" from the point of view of formation is close to the concept of "advertising" in the Russian language. This term "Advertisement" means the term "Advertisement" which reflects the product of a particular advertising activity. The term from the side of creation is close to the meaning of the Russian word "advertising" and "advertising activity", and the term "advertisement" reflects the product of a particular advertising activity. Recently, some authors often use the term "advertising", which demonstrates advertising as a socio-economic phenomenon. Now you can see the translation of this term into Russian "advertising". Advertising is the process of acquaintance with them, informing the population about the goods. Advertising is an important and delicate market tool. In a developing market, there is a high competition, each seller seeks to satisfy the needs of the user, which can be a decisive factor in the competition with advertising. The content of the advertising

text is compiled in accordance with the formula AIDA (attention – attention, interest – interest, desire – desire, action – action). To attract attention and interest people, it should be noted the advantages and benefits of the product. In order to cause the desire of the buyer, it is necessary to specify the object of advertising, which leads to certain actions. Today there are new forms and new forms of advertising, and in the text of advertising always performs a key, leading function of the word, translation. The sphere of advertising language can be considered as a new branch in the Kazakh language. Currently, advertising is prepared in Russian, where it dominates, and then translated into Kazakh. This situation should be the opposite. First, it should be developed in the Kazakh language, in the Kazakh language. The same language prevails, as it is written in the same language, so it does not leave a comma. It is a deserving alternative, or it is forgotten to keep the language of the Kazakh language[1].

Currently, the translation of advertising into the Kazakh language is very weak. Many say that the semantic coincidence coincides, in General, as scattered misspelled words. Advertising is distributed in Kazakhstan in Kazakh and Russian languages. But when translating an advertising text from one language to another, its main meaning should not be distorted. This requires advertising agencies to control the advertising of goods, products, services and must be staffed by journalists, translators, fluent in the state language, fully aware of the ethnic culture of the Kazakh people, as well as knowing other languages. Advertising is its own sphere. Its territory is expanding every day. But what language is the need to spread it there. Advertising, its language should be the subject of research. In order to properly establish , it is necessary to adopt a special law on advertising. Currently, there is no liability in this area for violation of the law. In recent decades linguists are engaged in the study of advertising text, as any advertising work containing words is linguistic. Text advertising has its own rules, and it has specific characteristics. I.V. Privalova writes: "the New economic advertising texts in terms of psychological impact on the person on level " [2,13].

Advertising text often turns into a subject of linguists ' research, as it has a number of specific characteristics. Thus, first of all, about legal entities or individuals, including the addressee of commodity ideas is not defined; the purpose of the advertising text is to support interest in ideas, goods, ideas and initiatives for any legal entities and individuals. The number of works for the study of advertising, including in English, is growing every day. Today, advertising texts are important communication activities. The translator should not only bring the content interval in the original and the target language, but also convey its social linguistic features. Advertising text includes not only verbal language , but also a number of extralinguistic components. Consciously perceived only when a combination of linguistic and non-linguistic characteristics. In contrast to the literary translation of the advertising text, it has a peculiar technique and rules. The main task is to convey the literary and aesthetic values of the original. In the presence of advertising text uses separate language means, and is determined by a clear communicative direction. Based on the translation of such texts, the translator must solve linguistic and linguistic problems determined by the semantic structure, as well as the peculiarities of the use of two languages in communication, as well as the issues of social linguistic adaptation of the text. Attention to literary , cultural and historical traditions is considered a "powerful weapon" of advertisers . At the same time, such phenomena are full of a number of obstacles in the interpretation and perception in the text. The use of winged words , allusions, idioms , as well as other language means in advertising requires General knowledge between the text generator and its recipient. These abilities are of special importance for the advertising of goods presented on international market because it requires adaptation of advertising texts with the features of the language picture of the world audience, which is focused on the text. The main criterion for understanding the features of the advertising language is determined by the ability to correctly perceive and translate advertising texts and trademarks. As everyone knows, there are several basic methods for understanding translation equivalence. First, the concept of formal correspondence, with all texts that can be sent, is transmitted even before the structure of the source text. This principle does not apply to the translation of slogans, but to the transcription or transliteration of

trademarks. Second, the concept of normative substantive compliance, where equivalence plays the role of a balance between the transfer of elements of the original content of the text and compliance with the norms of the translated language.

For advertising texts, the normativity of language means is necessary, but it is not the main task. Therefore, the translation can be included in the number of high-quality translations, when advertisers fully determine the emotional background of the text. This task can effectively perform a translation corresponding to the dynamic (or functional concepts of equivalence of a given text.) The concept of dynamic equivalence to linguistics is an American scientist Yu. Naide was proposed. It must be able to predict the communicative impact of the advertising message in the language in which it is translated. L.P. Latyshev wrote: "to some extent, it approaches the average influence of the language team of the translator, highlighting moments based on their own understanding view and contribution as well as their own life experience." [3,75]

Advertising in modern business is one of the effective communication tools. Accordingly, when translating any advertising text, it is necessary to pay attention to its communicative value. Expression for impact, the ability to cause a clear response from the recipient means that the text in the target language is translated in the right direction. An advertising translator should consider any text as a means of communication between a producer and a potential consumer, not as a goal. The consumer may have some positive associations about the product. But in everyday life we often meet with them, on the contrary. The world-famous car company Ford "can boast" a lot of experience on this issue. Thus, an inexpensive Fierra truck for developing countries was sold incorrectly in Latin America. Because in Spanish, fierra means "woman". Coca-cola is very linguistically responsible for advertising other countries compared to Ford. First, the logo itself will not always stand in the same position. Secondly, the main core of the advertising slogan is the verb to enjoy. When translated into different languages, it faces strong metamorphoses. For example, we can cite a version of the word "rahatani" in the Kazakh language. Marketers of the company urge to avoid unnecessary connotation of the direct translation of the word "enjoy". The philosophy of the production conducts work in this direction in each state. Mars faces the following obstacles in bringing the M&M's brand to the French market. the sign & (=and) does not have the plural de's in French. [4,47].

Anyone who studies the English language, acquainted with these circumstances, and correctly affects the brand. However, the translator must adhere to the principle that he does not know another language that has turned over. Therefore, it became necessary to make an advertising campaign that teaches the French consumer the name of the product, i.e. teach M&M's to speak their native language.

During the conversation about the specifics of the advertising language, we talked about the frequent use of idioms as one of the ways to extract vivid emotional images. We are aware of the impossibility of direct translation of idioms.

We can choose only the most related equivalents to the target language. In accordance with the above-mentioned theory of dynamic equivalence, an advertising translator must not only determine the exact equivalent of a stable phrase, but also predict the linguo-ethnic reaction of the receiver of the advertising text [5, 112].

Pepsi, the main competitor of Coca-Cola, carried out another advertising campaign in Germany. The motto of the action is the English sentence "Come alive with Pepsi". When modeling in this location, there is a charge of vivacity, health and the idea to move without sitting still. However, the semantic meaning of this motto did not reach its goal, as in German this motto means "leave the cemetery with Pepsi". The smaller the particles of speech, the more effort is required when it is correctly transmitted in the target language. The values that allow the manufacturer to disclose the image of its products should be observed. In this case, the help of transliteration will be less. Sunbeam is an example. People who speak English know the difference between the English words "vapour" and "mist". The first one can be found in technical and scientific cognitive texts as "steam". The second translates as "darkness, fog, rain". The product for the female public had to win at the expense of such diversity. However, in fact, there was a very funny

event. Because the word "mist" in German means "gumir, tezek". That is, the word "vapour" should be used relatively close to European languages.

- The language of advertising is part of the structure of the language, acquiring linguistic features that form the impressiveness and education of advertising texts. [6, 127].

The purpose of the advertising imagery of the text, its language, all possible means for the creation of an idiom, connotative words, lexical IELT below elliptic structure is used.;

- semantic task of advertising text - a call to action, correctly delivered by a verb;

- the most dynamic part of the text;

Effective translation of advertising is directly related to the prediction of the linguistic and ethnic reaction of the recipient in the language of translation of the text; it should be based on the peculiarities of the national psychology of the source and target languages, differences in culture and traditions.

Thus, it is possible to increase the communicative value of advertising, paying attention to the problems of language and, in particular, advertising language. The need for continuous improvement of advertising language contributes to the further study of this part of language activity.

Thus, the advertising slogan is the main nuclear component of advertising communication, in any language. Without it there will be no advertising and there will be no exaggeration. Slogans are the unity that implements cognitive, communicative processes. Slogans achieve the goal to have attention in various ways: structural features of the sentence, using phonetic-intonation, graphic means of words, as well as semantic and stylistic properties. The center between them should have semantic nodes. In the analysis of the syntactic structure it was found out that exclamation sentences predominate, exclamation sentences with a verb in the orders of paradise are especially common. Slogans are often a combination of informational and emotional components. Information slogans directly characterize the product, and rational information supplied in the slogans, affects various properties of the product: the type of advertising object, distinctive properties of the product, the addressee of the product, the effectiveness of the advertised product. The form and content of the advertising slogan differ in the language subsystems that were present at its release. Lexico-semantic analysis of the advertising slogan served as an impetus to the conclusion that the most common slogans are slogans containing words that have the meaning of comparing semantics.

List of literature:

1. Internet resources. <http://www.russbrand.ru/2008/06/03/pochti-rodnaya-rech001>.
2. Language, consciousness, communication : sat. Articles, resp. Ed. V. V. Krasnykh, A. I. Izotov. Issue. 22. – M : MAX PRESS 2002-136s
3. Vezhbitska A. Language. Culture. Knowledge. A. Virbicko – M: Russian dictionaries, 1997.-405s.
4. Kornilov O. A. Language pictures of the world as derivatives of national mentalities O. A. Kornilov – M : chero, 2003.-349C
5. Language and Philosophy of culture V. Humboldt. - M : Progress, 1985-397s
6. Advertising, Language, Speech, obshenie Uch. The textbook Under the editorship of O. J. Goichman. V. M. Lachica - M : INFRA-M

ЕТІСТІКТЕН ТУЫНДАҒАН ЗАТ ЕСІМДЕРІ БАР СӨЙЛЕМДЕРДІ АУДАРУДЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Әбдіғалиева Жанна Сәндібайқызы

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, «Шетел филологиясы және аударма ісі» кафедрасы, аға оқытушы, Ақтөбе қаласы

Zhanna93@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада етістіктен туындаған зат есімдердің ана тілінен шет тіліне аудармасы қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматривается перевод отглагольных существительных с родного на иностранный язык.

Annotation. The translation of verbal nouns from the native language into the foreign language is considered.

Тірек сөздері. Етістік, зат есім, аударма жолдары, субъект, объект, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш

Ключевые слова. Глагол, существительное, пути перевода, субъект, объект, дополнение, определение, обстоятельство.

Key words. Verb, noun, ways of the translation, subject, object, adjective, adverbial modifier

Етістіктен болған зат есім *of* предлогымен қолданылады. Етістіктен болған зат есім толығымен зат есім бола алады. Қазақ тіліндегі етістікті зат есім ағылшын тіліндегі етістіктен туындаған зат есімнің *-ing* жұрнағымен жиі беріледі. Қазақ тіліндегі көлем, аудан немесе дәрежені білдіретін жеке етістіктен болған зат есімдер салыстырмалы шырайдағы сын есімдердің немесе кей жағдайларда есімшелермен беріледі.

Зат есімнің тілдегі іс-әрекеттердің, процестердің және құбылыстардың заттануы салдарынан етістіктен туындаған зат есімдер *бастауыш, толықтауыш және пысықтауыш* ролінде жүреді. Ағылшын тілінде заттану құбылыстары аз байқалады және етістіктен болған зат есімдер сирек кездеседі. Аударғанда оған түрлі *семантикалық өзгертулер* жасау қажеттігі туындайды. Кейбір жағдайларда, әсіресе жанрлы ерекшелігімен айқындалған ағылшын мәтіндерінде (мысалы, эконмика жөнінде мақала жанрымен), бастауыш рөлін атқарған орыс/қазақ тілінің нақты зат есімі ағылшын тілінде етістікті зат есіммен берілуі мүмкін. Әдетте қазақ тілінде әрекеттер пен процесстер субстанциялау немесе заттану (зат есімге айналдыру) үрдісіне тән. Осы заңдылықтың салдарынан етістіктен жасалған зат есімдердің біраз бөлігі субъект, объект және пысықтауыш түрінде келеді. Етістіктен жасалған зат есімдер қоғамдық- публицистикалық стиліне жататын мәтіндерде кеңінен қолданылады. [1, 30]

Төмендегі сөйлемдер аудармаларына тоқталсақ

Сайлау демократиялық өкілдік мемлекеттерінің басты көрінісі. Неге? Өйткені демократиялық қоғамда үкімет билігі тек басқарылушылардың келісіміне байланысты. Еркін және әділетті сайлау өткізу осы келісімді үкімет өкілдігіне айналдырудың негізгі құралы. [2, 16]

Elections are the central institution of democratic representative governments. Why? Because, in a democracy, the authority of the government derives solely from the consent of the governed. The principle mechanism for translating that consent into governmental authority is the holding of free and fair elections. [3, 16]

сайлау – elections; басқарылушылардың келісіміне – the consent of the governed; сайлау өткізу – holding of elections

Бұл мәтін үзіндісінен көріп отырғанымыздай *сайлау – elections* етістіктен болған зат есімдер аударма тілге зат есім болып аударылып тұр. Ал *келісімін – consent* деп зат есіммен жеткізіліп тұр, ал *өткізу – holding* болып герундий арқылы жеткізіліп тұр.

Демократиялық сайлау тартысты өтеді. Сайлау өкімет басыларын анықтайды. Елдің заңдары мен конституцияларына мойынсына отырып, көпшілік сайлаған өкілдер билік тізгініне ие болады. Әрине сайлаушылар да төте референдум, немесе белсенділік білдіру арқылы маңызды саяси мәселелерді шешуге қатыса алады. Мысалы, АҚШ-та мемлекет заң шығарушылары кекелген мәселені сайлаушылардың алдына қойып, шешуді талап етеді. Сайлаушылар белсенділігін алатын болсақ, азаматтар өздері талап етілетін жеткілікті адамдардың қолын жинап өз мәселелерін келесі дауыс беру кезінде қаралуын талап етеді және штат заң шығарушылары мен әкімнің қарсылығы бұл орайда тіпті көзге ілінбей де қалуы мүмкін. Калифорния сияқты штатта сайлаушылар қоршаған ортаның ластануынан машинаны сақтандыру секілді мәселелерге байланысты дауыс берген сайын оларды талқыға салып, өз ойларын ортаға салып отырады. [2,17]

Democratic elections are definitive. They determine the leadership of the government. Subject to the laws and constitution of the country, popularly elected representatives hold the reins of power. They are not simply figureheads or symbolic leaders.

*Finally democratic elections are not limited to selecting candidates. Voters can also be asked to decide policy issues directly through referenda and **initiatives** that are placed on the ballot. In the United States, for example, state legislatures can decide to “refer”, or **place an issue** directly before the voters. In the case of an initiative, citizens themselves can gather a prescribed number of signatures and require that **an issue be placed** on the next objections of the state legislature or governor. In a state such as California, voters confront dozens of legislative initiatives each time they vote – on issues ranging from **environmentalpollution** to **automobile insurance costs**. [3, 17]*

Жоғарыда берілген саяси мәтіннен үзіндінің аудармасынан көріп отырғанымыздай демократиялық **сайлау** - *democratic elections* болып, яғни етістіктен болған зат есім **сайлау** аудармада *elections* – зат есім болып аударылып тұр. Ал *мәселені шешуді* – *to place an issue* тіркесі аудармасынан көріп отырғанымыздай етістіктен болған зат есім *шешу* аудармада *to place* деген инфинитивпен аударылған. Келесі *мәселелерін қаралуын* - *an issue be placed* тіркес аудармасынан ырықсыз формада келген етістіктен болған зат есім *қаралу* аудармада *be placed* деп ырықсыз формадағы инфинитивпен берілген. *Алқоршаған ортаның ластануы* деген тіркестегі *ластану* – етістіктен болған зат есім, әрі бастауыш аудармада *environmentalpollution*, яғни заттық мағына басым болғандықтан зат есім күйін сақтап отыр. Келесі *машинанысақтандыру* - *automobile insurance* мысалынан да заттық мағына басым етістіктен болған зат есім аудармада да зат есім күйін сақтап тұр.

Кез-келген қоғамның, әсіресе демократияның өмірлік маңызды бөліктерінің бірі – білім беру қызметі. Томас Джефферсон жазғандай, «егер ұлт өркениеттің қандай да бір сатысында мәдениетсіз еркін болуға болады десе, онда ол ешқашан да болмаған, болмайтын да нәрсені қалайды. Енжар қабылдануға ұмтылған тоталитарлық қоғамнан демократиялықбілім берудің айырмашылығы мен мақсаты тәуелсіз, білім құмар, өз ісінталдауға бейім, өз көзқарасы бар, оған қоса демократия аясында терең білімі мен тәжірибесі бар азаматтар тәрбиелеу. [2, 18]

Education is a vital component of any society, but especially of a democracy. As Thomas Jefferson wrote: “If a nation expects to be ignorant and free, in a state of civilization, it expects what never was and never shall be.”

*In a contrast to authoritarian societies which seek to in calculate an attitude of **passive acceptance**, the object of **democratic education** is to produce citizens who are independent, questioning and **analytical in their outlook**, yet deeply familiar with the precepts and practices of democracy.* [3, 18]

Жоғарыдағы берілген үзінді аудармасында кездесетін *білім беру қызметі* – *education*; *енжар қабылдану* - *passive acceptance* сөз тіркестері аудармасынан етістіктен болған зат есімдердің аудармада да зат есім болып аударылғанын байқауға болады. *Демократиялық білім берудің-* *democratic education* аудармадан етістіктен болған зат есім *білім беру* аудармада *education* деп зат есіммен аударылған, ал өз *ісін талдауға* - *analytical in their outlook* аудармасында сын есіммен аударылып тұр. *Алазаматтар тәрбиелеу* - *to produce citizens* аудармасынан көріп отырғанымыздай *тәрбиелеу* – етістіктен болған зат есім *to produce* инфинитивімен аударылып тұр.

*Пікір таластары, келіспеушілік және ымыраға келу сияқты, кейбіреулердің ойынша, әлсіз жақтары деп есептелетін демократияның бұл көріністері шындығында оның күш-қуаты. Әрине, демократияның қарсыластары оның ерекше тиімділігі жоқ деп жала жабады: үлкен де күрделі қоғамда демократиялық **шешімдер қабылдау** қиындығы көп, уақытты қажет ететін құбылыс.*[2, 21]

*It is the very aspects of democracy cited most frequently by its critics that give it resiliency. The **processes of debate, dissent and compromise** that some point to as weaknesses are, in fact, democracy’s underlying strength. Certainly, no one has ever accused democracies of being*

particularly efficient in their deliberations: democratic decision-making in a large complex society can be a messy, grueling and time-consuming process. [3, 21]

Үзінді аудармасынан алынған **пікір таластары, келіспеушілік және ымыраға келу - processes of debate, dissent and compromise; шешімдер қабылдау - decision-making** деген тіркестер аудармасына мән берелік. Мұндағы **пікір таластары** деген тіркестегі етістіктен болған зат есім **таласу** деген етістіктен туындаған. Аудармада **debate** зат есімімен аударылған. Ал **келіспеушілік** **келіспеу** етістігінен туындаған және аудармада **dissent** зат есімімен аударылған. Ал **ымыраға келу** етістіктен болған зат есім, әрі бастауыш аудармада **compromise** зат есім болып аударылған.

ТШО адамның тіршілік ортасы – табиғи орта мен адамның өзін қорғаудың принциптеріне сүйенеді. ТШО-да қолданылатын өндірістік процестер мен технологиялар дүние жүзіндегі осы саладағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сай келеді, тіпті негізгі көрсеткіштер бойынша бұл талаптардан асып та түседі. [2, 27]

TCO is committed to protecting the people and the environment in Kazakhstan. Its work processes meet and exceed industry environmental and safety standards around the world. [3,27]

Бұл мәтін аудармасынан **табиғи орта мен адамның өзін қорғау - protecting the people and the environment; еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарына - environmental and safety standards** болып тіркестердің ағылшын тіліне жеткізілгенін байқауға болады. Яғни қазақ тіліндегі **қорғау** етістіктен болған зат есім, әрі бастауыш аудармада **protecting** – герундий және бастауыш болып аударылып тұр. Ал түпнұсқадағы етістіктен болған зат есімді тіркес **еңбекті және қоршаған ортаны қорғау** – аудармада **environmental and safety**, яғни сын есім, әрі анықтауыш болып беріліп тұр.

Өндірісті оңтайландыру және өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі кеңесшілер мен ТШО жағындағы кеңесшілердің көмегімен ТШО-ның қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету бойынша бізде қолданылып жүрген жұмыс әдістерін өте сындарлы және тұрақты түрде талдайтын болады, оларды басқа компаниялардың әдістерімен салыстырып, жақсысын анықтап, ТШО-ның қауіпсіздік техникасын жақсарту мүмкіндіктерін пайдалану болады. [4, 27]

TCO has in place a rigorous system for managing TCO safety. Assisted by internal and external Operational Excellence and safety process consultants, TCO will continuously examine existing safety management processes, benchmark them against other companies, and identify and implement TCO safety improvement opportunities. [4, 27]

Жоғарыда берілген **өндірісті оңтайландыру - Operational Excellence; өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету - safety process; қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету - safety management processes; қауіпсіздік техникасын жақсарту - safety improvement** тіркестер аудармаларынан етістіктен болған зат есімдердің **process, improvement** зат есім болып аударылып тұрғанын көруге болады.

ТШО өз қызметінің барлық салаларындағы қызметкерлердің ішінде ҚР азаматтарының санын көбейтуге, жауапкершілігі мен қиындығы көбейіп келе жатқан жұмыстарды орындау үшін оларды оқытуды жалғастыруға бар күш-жігерін жұмсауда. [4, 31]

TCO is committed to maximize employment of Kazakhstani citizens in all of its activities, and to continue to train employees to take on jobs of greater responsibility. [4, 31]

Жоғарыда келтірілген сөйлем аудармасынан **азаматтарының санын көбейтуге - to maximize employment citizens; оқытуды жалғастыруға - to continue to train employees болып** етістіктен болған зат есімдердің ағылшын тіліне инфинитив арқылы аударылып тұрғанын көруге болады.

Олай болса етістіктен болған зат есімдердің аударма жолдары төмендегідей:

- Егер бастауыш бәсеңдемеген заттық мағынасы бар етістіктен жасалған зат есім болса, онда аудармашы мұндай бастауышты сақтап қалады;

- Егер етістіктен жасалған зат есімнің заттық мағынасы бәсеңдеген болса және етістіктен жасалған зат есімдегі есім субъект болып табылса, онда аудармашы есімді барлық

ағылшын айтылымының субъектісіне айналдырады, ал етістіктен жасалған зат есімді етістікті немесе есімді предикатқа айналдырады;

- Егер есім етістіктен болған зат есімде – объект болса, онда аудармашы етістіктен болған зат есімді баяндауыш етіп, ал, ондағы есімді толықтауышқа айналдыра отырып, айтылымның бастауышын кең контекст көлемінде анықтайды;

- Егер субъектті анықтау қиындық туғызатын болса, онда “attempt”, “efforts”, “goals”, “steps” сияқты десемантикалыңған зат есімдерді айтылымның бастауышы ретінде қолданады;

- Егер бастауыш ретінде ішінде нақты мағына етістіктен болған зат есімнен болмай, ондағы объект қызметіндегі етістікті-есімді сөз тіркесі болған жағдайда, аудармашы етістіктен болған зат есімді түсіріп, есімді айтылымның субъектісіне айналдырады;

- Егер етістіктен болған зат есім толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш қызметін атқарып тұрса, онда аудармашы етістіктен болған зат есімді инфинитивпен, герундиимен, есімшемен немесе сын есіммен ауыстырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бреус Е.В. Основы теории и практики перевода с русского языка на английский. – М.: УРАО, 2000. – 207б.

2. «Демократия деген не?» АҚШ ақпарат агенттігі, 1992 (қазақ тілінде)

3. «Демократия деген не?» АҚШ ақпарат агенттігі, 1992 (ағылшын тілінде)

4. ТеңізШевроил «Он жыл халық игілігі үшін», 2003

АУДАРМАДАҒЫ ЭКВИВАЛЕНТТІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әбдіғалиева Ж.С.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, «Шетел филологиясы және аударма ісі» кафедрасы
аға оқытушы, Ақтөбе қаласы. zhanna93@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада эквиваленттілікке анықтама беріліп, оны жан-жақты қарастырады. Сонымен қатар эквиваленттіліктің аудармадағы маңыздылығы айтылады.

Аннотация. В статье дается определение эквивалентности и его всестороннее рассмотрение. Также говорится о значении эквивалентности в переводе.

Annotation. The article gives the definition of equivalence and its extensive consideration. It also refers to the importance of equivalence in translation.

Тірек сөздер: Аударма, қиындық, эквиваленттілік, денотат, коннотация, сигнификат және прагматика

Ключевые слова: Перевод, проблема, эквивалентность, денотат, коннотация, сигнификат и прагматика

Key words: translation, problem, denotation, connotation, pragmatics.

Аударма – сан қырлы, күрделі де қиын, жұмбақ та астарлы әрі шығармашылық әрі психологиялық үдеріс, көп қырлы құбылыс. Әлем халықтарының қандай да бір мәдени, ғылыми, саяси, экономикалық байланыстарында, қарым-қатынастарында аударманың тигізген ықпалы зор. Ел мен елдің бірін-бірі тануына, одан әрі мәдени байланыстарының дамуына ұласқан аударма – қасиетті де қадірлі өнер. Адамзаттың тіршілік қажеттіліктерінен туындаған тәржімалау ісі қай ғасырда да өз ізін, дәстүрін қалдырып отырған [1, 3]. Аударма-комплексі үдеріс. Түпнұсқаны дұрыс, әрі нақты жеткізу үшін, аударма тілінде тек қажет сөздерді тауып қана қоймай, оларды сәйкес грамматикалық үлгіде жеткізе білу қажет. Оған қоса көп жағдайда еш есептен шығаруға болмайтын стилистикалық факторлар да араласады. Аудару- басқа тілде айтылған нәрсені, екінші бір тілде толық, әрі дұрыс білдіру.

Қазіргі таңда қазақ тіл білімі ғылымында арнайы зерттеуді талап ететін салалардың бірі – аударманың теориясы. Бұл сала – қазақ тілтанымы үшін әлі жетілмеген, тиісті деңгейдегі ғылыми сипатын ала қоймаған тіл білімі салаларының бірі. Сондықтан бұл ғылымның негізгі бағытын айқындап бере алатын бірқатар ұғым-түсініктердің даралана қоймау себептері де

осыған тікелей байланысты. Қазіргі қазақ тіл білімінде аударма мәселесімен түбегейлі айналысып жүрген ғалым А.М.Алдашева докторлық диссертациясында «...қазірге дейін аударма теориясының басты дәйектемелері, шешуші негіздері, аударматану ғылымының басты объектісі мен ұстанымдары, әдіс-тәсілдері мен бірлік тұлғалары, аударманың нормасы, тәржіма ісіне қойылатын талаптар сияқты маңызды жағдаяттардың анық-қанығы ғылыми тұрғыдан анықталған емес», – деп атап өткен. [2,45] Қазақ тіл білімінде аударматану мәселесі – ХХ ғасырдың соңғы жылдары ғана қолға алынған жаңа салалардың бірі. Сондықтан қазақ тіл біліміндегі аударма теориясы да, аударма практикасы да, аударма іс-тәжірибесінің теориялық тұғыры да енді қалыптасып келе жатыр.

Аудару дәлдігі мәселесін филологтар бұрыннан бері қарастырып келе жатыр. Қазіргі кезде бұл мәселе әр түрлі аудармалық бағытта зерттелуде (Қазақстан мектебі: Г. И. Исина, А. Алдашева және т.б., Ресей мектебі: А. Т. Алексеева, В. Н. Комиссаров, Н. Р. Ткачев және т.б., Германия мектебі: Г. Егер, К. Райс, Е. Штойберг және т.б.). Жоғарыда аталған лингвисттердің зерттеулерінде назар эквиваленттілік терминіне аударылады. Барабарлық (эквиваленттілік) – аудару теориясында өте күрделі және көп қырлы ұғым ретінде қарастырылады. В. Н. Комиссаровтың пікірінше «эквиваленттілік ұғымы аударманың негізгі ерекшелігін ашып, қазіргі аударматануда негізгі ұғымдардың бірі болып табылады» [3, 176].

«Эквиваленттілік» термині қазіргі аударма теориясында аз уақыттан бері қолданылып келе жатыр (1938 жылдан бастап Лейпциг аударма мектебінде). П. М. Топер пікірлердің көп қырлылығын белгілеп, аудару теориясына «эквивалент» терминінің қашан және қайдан кіргенін анықтайды. «Алғаш рет «эквивалент» терминін «Аударманың лингвистикалық аспектілері» туралы мақаласында Р. Якобсон ұсынған еді» («О лингвистических аспектах перевода») [4, 176].

Аударма теориясы үшін осы термин қандай мағынада қолданылады және басқа терминдермен қалай араласады? Мысалы, Вине және Дарбельне «Француз және ағылшын тілдерінің салыстырмалы стиликасы» («Сопоставительная стилистика французского и английского языков») атты еңбектерінде (1958 жылы) эквивалент және эквиваленттілік терминдерін біз үшін дағдылы мағынада емес, аударманың тәсілдерінің бірі ретінде қолданған. Жалпы ғылыми білімдер жағынан «эквиваленттілік» ұғымын қарастырайық. Орыс тілінде эквиваленттілік сөзі эквивалентті сын есімінің ерекшеліктеріне тең. Яғни, бірдей, мағынасы бірдей, тең күшті, бірдемені қандай да болса байланыста тұрғанды алмастыру сөздеріне эквивалент болып тұр. Сонда, эквивалент сөзі – бұл бірдей, мағынасы бірдей, басқаға тең болатын, оны толық алмастыра алатын ұғым [5, 747].

Я. М. Рецкер пікірінше, «эквивалент» - бұл тұрақты және тең мағыналы сәйкестілік, дағдыдағыдай, контекстке тәуелді болмайды. «Сәйкестілік» терминін қолдаған кезде, берілген зерттеуші лексикалық бірліктер арасындағы семантикалық сәйкестілік туралы айтады [6,10]. Л. С. Бархударовтың айтуынша, әр түрлі тілдердің лексикалық бірліктерінің, олардың бүкіл мағыналық көлемінде сәйкес үйлестілік өте сирек кездеседі. Аударма толықтылығы (барабарлық) ұғымын дәлдеуге тырыса отырып, А. В. Федоров толығырақ түсініктеме береді: «Аударманың толықтылығы – бұл түпнұсқада берілген мазмұн мағынасының толық жеткізілуі және аударманың түпнұсқаға функционалды-стилистикалық жағынан толық сәйкес келуі».

Аударма толықтығы түпнұсқаға сәйкес мазмұны және форма ара қатынас ерекшеліктерін жеткізуде немесе осы ерекшеліктеріне функционалды сәйкестіліктерді жасауда. Форманың өзгешеліктерін қайта құруда жатыр (егер де бұны тіл жағдайлары мүмкін ететін болса). Ал ол болса, осы жағдайда жиі және өзінің формалды ерекшеліктерінің түпнұсқадағы элементтермен сәйкес келмейтін, толық жүйеде ұқсас мағыналық және көркем функцияларын орындайтын тіл амалдарының қолдауын болжайды [7,125].

А. В. Федоров толықтық және барабарлық ұғымдары арасында тепе-теңдік белгісін қояды. Ол үшін барабарлық – бұл тек қана шетел термині. Мәтіннің көркем редакциялау ережелеріне сәйкес оны ана тіліндегі сөзбен алмастыру жақсырақ болар еді. Бірақ,

алмастыру болса да, мәселе айқын шешілмейді. Керісінше, А. В. Федоров ұсынған аудармада барабарлық толықтықтың болуы жаңа мәселелерді туғызады.

Сонымен, түпнұсқа және аударма мәтіннің бірліктерін қарастырғанда және салыстырғанда, біз лексика бірліктерінің эквиваленттілігін семантикалық деңгейде анықтаймыз. Неміс аударматану мектебінің өкілі В. Коллердің пікірінше, мәтіндер арасындағы эквивалентті қарым-қатынас түрі және үлгісі анықталғанан кейін, эквиваленттік ұғымы ақиқатты мағынасына жетеді.

Аударманы қабылдаушының реакциясы берілген мәтіннің мазмұнын жеткізу мәселесімен байланысты. Ол қандай элементтерден тұратынын анықтау қажет. Л. К. Латышев А. Д. Швейцердің көзқарасын бөліп, келесі төрт элементтерді белгілейді:

1) заттық жағдайларды белгілеуімен байланысты денотативті мағына (яғни, заттық-логикалық);

2) пікір элементтерінің арасындағы синтаксистік (яғни, оның синтаксистік құрылымымен) байланысты белгілейтін синтаксистік мағына;

3) функционалды-стилистикалық және экспрессивті бояумен белгіленген коннотативті мағына;

4) тілдік пікірдің және коммуникацияға түскен адамдардың қарым-қатынасымен анықталатын прагматикалық мағына.

Лексико-семантикалық эквиваленттілік мағынасын анықтаған кезде, зерттеуде қолданылған «денотат», «коннотация», «сигнификат» және «прагматика» ұғымдарының мағынасын анықтау қажет.

Денотат (латын тілінің *denotatum* «белгіленген» сөзінен шыққан) – осы бірлікпен атала алатын белгіленген зат, ақиқаттылықтың көптеген объектері (заттар, қасиеттер, байланыстар, күй, үдерістер, іс-әрекеттер және т. б.) Коннотация (латын *connotation, connoto* «қосымша мағынам бар» сөзінен шыққан) – тіл бірлігінің узуалды немесе окказионалды сипаты эмоционалды, бағалы немесе стилистикалық сипаттамасы.

Кең мағынада – бұл тіл бірлігінің заттық-мағыналық (денотативті) және грамматикалық мағынасын толықтыратын, оған экспрессивті қызмет беретін кез келген компонент. Тар мағынада – бұл тіл бірлігінің мағынасының компоненті, ол үшін екінші – атаулы функциясын орындайтын, қатынаста қолдану кезінде берілген реалияға атаулының ішкі формасын жете түсіну негізінде ассоциативті-бейнелік жолмен, оның объективті мағынасын толықтыру.

Сигнификат (латын *significatum* «белгіленген» сөзінен шыққан) – тіл белгісінің мағыналық мазмұны; тіл жүйесіндегі сөздің номинанты –сөз деп атала алатын тіл бірлігі. Әрбір келтірілген, қарастырылған «денотат», «коннотат» анықтамаларында «тіл белгісі» ұғымы кездеседі. Лингвистикада тіл белгісі – бұл затты, қасиетті, ақиқатқа қатынасты білдіретін материалды-идеалды құрылым (екі жақты тіл бірлігі). Өз жиынтығында тіл белгісі ерекше бір белгілер жүйесін – тілді құрайды.

Л. К. Латышевтің пікірінше, мәтінді, сөйлемді, сөз тіркесін, сөзді белгілер ретінде қарастыруға болады. Яғни, бір түрлі құбылыс ретінде. Ал бұл болса, аудару теориясы үшін ерекше құрылымды. Бұл аудару үдерісі кезінде берілген тілдің тіл бірліктерін аудару тілдің тіл бірліктеріне «ауыстыру» бір бірімен байланысқан бірнеше деңгейлерде, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер және толық мәтіндер деңгейлерінде параллелді болып өтеді.

Неміс ғалымы Г. Клаус тіл белгісі ақиқатты болмыстың келесі категориялармен ара қатысын белгілейді:

- ол белгілейтін заттармен немесе құбылыстармен (денотаттар);

- адамдардың, осы тіл қоғамының мүшелерінің (сигнификаттардың) санасындағы осы заттардың немесе құбылыстардың (денотаттардың) бейнесімен;

- тіл белгілерін «жеткізетін» және «қабылдайтын» адамдармен, сонда осы кезде олар тіл белгілерін өз тезаурусына (индивидуалды түсінік қорына), ішкі қалпына және қатынастың белгілі жағдайына байланысты түсінеді;

- тіл кодымен, олар белгілі бір кодының элементімен (белгілі белгілер жүйесі) болған кезде ара қатысын белгілей алады, өйткені белгілер ол кезде адамдар арасындағы қатынастың жан-жақты амалы ретінде ғана болуы мүмкін [8, 236].

Жоғары аталып шыққан факторларға, белгілер құрылымының компоненттермен ара қатысын белгілейтін, солар арқылы мәтіннің құрылуына үлес қосатын, заттық жағдай (сөйлеп және жазылып жатқан жағдай) және қарым-қатынас жағдайлары (сөйлеп жатқан жағдай туралы) қосылады.

Көптеген жағдайларда мәтін мазмұнының құрылуына қатысатын семантикалық құрылымның компоненттері оның белгілерімен тікелей ара қатысын белгілейді. Сондықтан біз лексико-семантикалық эквиваленттіліктің келесі деңгейлерін белгілей аламыз: денотативті, коннотативті және коммуникативті-функционалды.

Денотативті деңгейді біз: тіл белгілерінің денотаттармен ара қатысы белгіленген фактының заттық сәйкестігін, объективті, мәлімет жіберушінің көзқарасына байланысты емес, практикалық жағынан ең маңызды қасиеттері бар мазмұнның, тілдік және мәдени-тарихи дәстүрлері бар қарым-қатынас жағдайын және берілген тілдің өзгешелігін түсінуіміз керек.

Ал коннотативті деңгейде тек қана денотаттардың объективті қасиеттері емес, сонымен қатар мәдени-тарихи, тіл ғұрыптармен анықталған, осы этникалық топқа жататын адамдармен денотаттарды бейнелеуі белгіленген. Тіл белгінің коннотациясын - біз денотативті мағынасына серік болатын, берілген этникалық топтың өкілдерімен осы белгімен байланысының мәнін түсінеміз. Сондықтан бұл тіл факторы болып табылады.

Коммуникативті-функционалды деңгей (яғни, интерпретатор деңгейіндегі мазмұны) – мәлімет жіберушінің дербес тәсілмен бейнеленген түпнұсқа белгісінің аудармаға сәйкес келуі, жіберушінің және мәтін қабылдайтын адамның мәтіндерінің тіл белгілері мен мәлімет қорының сәйкес болуы.

Ішкі тілдік мазмұн – бұл тіл белгілерінің арасындағы және толық тіл кодымен сәйкестілігі. Бұл аспект прагматикалық мазмұнға байланысты. Өйткені прагматика – бұл семиотиканың және тіл білімінің зерттеу аймағы. Онда адресат ойының субъектіге, коммуникацияға қатысқан адамдардың арасындағы қарым-қатынасына, қарым-қатынас жағдайына байланысты тіл белгілерінің сөйлеудегі қызметі зерттелінеді. Аудару кезінде түпнұсқаның жалпы мағынасы сақталуы керек.

Әдебиеттер:

Тарақов А.С. Аударма әлемі: - Алматы : Қазақ университеті, 2007. - 243 б.

Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б.

3. Комиссаров В. Н. Общая теория перевода: –М.: Учебное пособие, 1999. – 336 с.

4. Якобсон Р. О лингвистических аспектах перевода // Комментарии. – СПб.: 1959. – №11. – С. 176.

5. Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка. – М.: Просвещение, около 50000 слов – 1984. – 1080 с.

6. Рецкер Я. И. Теория перевода и переводоведческая практика. – М. : Междунар. отношения, 1974. – 216 с.

7. Федоров А. В. Основы общей теории перевода. – М.: Высшая школа, 1983. – 400 с.

8. Клаус Г. Сила слова. – М. : Прогресс, 1967. – 236 с.

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІН АУДАРУДЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Әбдіғалиева Жанна Сәндібайқызы

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, «Шетел филологиясы және аударма ісі» кафедрасы, аға оқытушы, Ақтөбе қаласы. Zhanna93@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Абай қара сөздерінің қазақ тіліне аудармасы барысында орын алған қиындықтар қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы перевода слов назидания Абая с казахского на английский язык.

Annotation. In the article the translation difficulties of Abai's words from Kazakh into English.

Тірек сөздері. трансформация, нақтыландыру, жалпыландыру, модуляция, аударма, қиындық.

Ключевые слова. трансформация, конкретизация, генерализация, модуляция, перевод, проблема.

Key words. Transformation, concretization, generalization, modulation, translation, problem

Көркем аударма мақсаты – шет тілін білмейтін оқырманды сол халықтың шығармаларымен әлем әдебиетінің озық үлгілерімен, классикалық туындылармен таныстыру. Шығарманың көркемдік ерекшелігін, дербес құрылымдық сипатын, ұлттық колоритін сақтау – аудармашының табысқа жетуінің басты кепілі. Мұндай жетістікке жету үшін аудармашы бірінші кезекте түпнұсқаның көркемдік мазмұнымен бірге, философиялық рухын, әлемін терең сезінуі тиіс, бұл үшін талантты аудармашы болу аз, нағыз әдебиетші, энциклопедияшы, ғалым болуы қажет. [1, 12]

Төмендегі Абайдың қара сөздері аудармасына тоқталатын болсақ 4-сөз

Түпнұсқа:

Екі ортада бұл дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне – бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнінде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды. [2, 14]

Between these two events, without fully comprehending the value and uniqueness of the life bestowed upon him, he will burn it up thoughtlessly, squander it in petty quarrels and miserable wrangles and never know true happiness. He will pause to think only when the sands of life are running out. Only then will he realize that no treasure on earth can prolong his life even for a single day. [3, 213]

Таусылған күнінде *-when the sands of life are running out* деп аударылған, яғни айтылған ой мағынасын ағылшын тілі тілдік нормасына сай басқаша бірліктермен беріп тұр. Бұл компенсация тәсілі болып табылады. Ал екі ортада *- Between these two events*, яғни осы екі жағдай аралығы деп аударған, себебі бұған дейін бұл өмір мен ахирет сөз болған еді, яғни аудармашы түсінікті болу үшін мағынаны дамыту тәсілін қолданып тұр.

Бұл дүниенің рахатының қайда екенін білмей *- without fully comprehending the value and uniqueness of the life* деп аударған, яғни өмірдің құны мен бір рет қана берілетіндігін толығымен сезінбей деп аударған. Дүниенің рахаты астарында еш қайғы-мұңсыз, тыныш өмір жатыр және аудармашы оны өмірдің қадірі мен бір-ақ рет берілетіндігі деп жеткізеді, яғни аудармашы бұл жерде лексикалық трансформацияның нақтылау тәсіліне жүгінген. Әсіресе ағылшын тілінен қазақ тіліне аударма кезінде дифференсация мен нақтыландыру тәсілдерінің көп қолданылуы ағылшын тіліндегі сөздердің көп мағыналылығында және оларға орыс/қазақ тілдерінде сәйкестік жоқ кезде қолданылады.

Есіл өмірді ескерусіз *- never know true happiness* деп аударған, яғни есіл өмір астарында өз ойлағанындай оңды-солды, молшылықпен өмірді өткізу деген ой жатыр. Аудармашы осыны бақытқа теңеп, нағыз бақытты білмей, ескермей деп аударады. Демек бұнда мағынаны қайта құру тәсілі қолданылған.

Сондай-ақ өмірді босқа, жарамсыз қылықпен өткізу дегенді *- he will burn it up thoughtlessly, squander it in petty quarrels and miserable wrangles* – деп, яғни оны еш ойланбастан бос өткізу деп берсе, жағымсыз қылықты арзан айқаймен, бос шулаумен өткізу деп береді, яғни аудармашы мұнда мағынаны дамыту тәсілін қолданып тұр, дәлме-дәл, сөзбе-сөз аудармай астарлы мағынаны белгілі бір себеп- салдарға сүйене отырып, өзгеше сөздермен жеткізіп отыр;

Бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды *- no treasure on earth can prolong his life even for a single day.* Мұнда аудармашы қазақ тіліндегі етістік арқылы берілген болымсыздықты жәй ғана болымсыз зат есім арқылы беріп тұр, яғни антонимдік

аударма тәсілін қолданып тұр. *Таба алмайды* баяндауышы ағылшын тілінде болымды етістікпен, яғни *can prolong* – соза алады деп аударылған, есесіне *no treasure* – еш байлық деп болымсыздықты зат есім арқылы беріп тұр.

19-сөз

Қайратты күнімде қазақты қиып, бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, *үміт етіп жүріпін*. [2, 48]

In my younger days it never occurred to me that anyone could forsake his own people. I loved Kazakh with all my heart and believed in them.[3, 238]

Қайратты күнімде дегенді аудармашы *жас күнімде* деп аударған, аудармашының адам жас күнінде қайрат, күш,-жігерге толы болады деген пайымдаумен *жас күнімде* деп аударған. Мұнда аудармашы мағынаны дамыту тәсілін қолданып отыр.

Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін –

This is why there is a void in my heart now.

Мұндағы *қуыс кеуде*, яғни ешнәрсе қолынан келмейтін дегенді *жүрегім бос* деп аударған, яғни компенсация тәсілі қолданылған.

40-сөз

Қайраты қайтқан шал мен жастың бәрі бітім қылады, шалдар өзді-өзі құрбыдан айрылып, азайып отырса да, біріменен-бірінің бітім қылмайтұғыны қалай? [2, 147]

Why do old folks live in peace with the young but constantly quarrel among themselves, even though their contemporaries grow fewer with every passing day? [3,288]

Мұндағы *қайраты қайтқан шал* ағылшын тіліне қарт адамдар деп аударылған, яғни мұнда мағына сәл тарылған, яғни жалпыландыру орын алған.

Бітім қылады – live in peace, яғни жақсы қарым-қатынаста өмір сүреді, еш сөзге келмейді десе, екінші жерде *бітім қылмайды – quarrel*, яғни ұрысады деп берілген, яғни нақтыландыру тәсілі қолданылған.

Баяғыда біреу-біреуді пәлен жасымда, жарықтық атым арып кележатқанда пәлен жерге жеткізіп салып еді деп өлгенше айта жүруші еді. Осы күнде бұл жылғы берген ендігі жылға жарамайтұғыны қалай?[2, 147]

In the old days people would remember someone who had helped them along the road be it only once, and recall him with gratitude till the end of their days. But nowadays people soon forget about good deeds. Why is that? [3,288]

Атым арып келе жатқанда пәлен жерге жеткізіп салып еді деген ұзақ мағыналы сөйлемді *who had helped them along the road* деп, жол бойында көмектескен еді деп аударған, яғни кең мағынаны тарылтқан. Сондай-ақ *бұл жылғы бергенендігі жылға жарамайтұғыны қалай?* деген сөйлем бүгінгі істеген жақсылық ертең ұмытылып қалады деген мағынаны береді дей тұра *берген, жараған, жараман* деген сөздер аудармада сөзге ілікпей жалпылап *қалайша адамдар істеген жақсылықты тезарада ұмытып қалады –* деп аударылып, жалпылау тәсілі қолданылған.

Кей жұрт ақыл айтарлық кісіні іздеп таба алмайды. Қылығының қылығын танитұғынкісіден қашық жүретұғыны қалай?

Why do people seek a person to give them advice, and shun the counsels of those who know them well?

Мұнда компенсация тәсілі қолданылып тұр. Себебі *қылығының қылығын танитұғын* деген әсерлі сөз тіркесі адамды өте жақсы танитын, қалт кетпейтін, қателеспейтін дегенді білдіреді, ал ағылшынша аудармада ол *адамды жақсы білетін* деп бер жағымен ғана айтып, әсерін азайтып тұр.

28-сөз

Жә олай болса, біз құдай тағаланы ғайыбы жоқ, міні жоқ, өзі әділ деп иман келтіріп едік. Енді құдай тағала бір антұрғанға, еңбексізге мал береді екен. Ешкімге залалсыз бір момынды ауру қылып, қор қылады екен. Әке-шешесі бір-екі баланың бірін есті, бірін есер қылады екен. Қайда бір ұры, залымның денін сау қылады екен. [2, 70]

If sometimes happens, however that Allah bestows riches upon a despised loafer, while some person who worships God and toils honestly lives from hand to mouth and can barely feed his wife and children. A quiet, harmless man is often sick and feeble, while some scoundrel or thief enjoys excellent health. The same parents may have one clever and one stupid son. [3, 244]

Мұнда аудармашы «бір антұрғанға еңбексіз мал береді» дегенді «*Allah bestows riches upon a despised loafer*» яғни құдай жатып ішерге бар байлықты беріп деп және түсініктірек болу үшін «*while some person who worships God and toils honestly lives from hand to mouth and can barely feed his wife and children*» деп қосымша мәтіннен тыс мәлімет қосқан, яғни құдайға құлшылық еткен кейбір адамдардың бірде бар, бірде жоқ болып, әйел, бала-шағасын әрең асырап отыр дейді. Мұнда дәлме-дәл, сөзбе-сөз аудармай, мағынасы астарлы болып келген сөздер мен сөз тіркестерін не сөйлемдерді белгілі себеп-салдарға сүйене отырып, мағынасын ашып, аудару – мағынаны дамыту тәсілі қолданылған.

29- сөз

Әуелі «жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, - ол ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі. [2, 73]

The Kazakhs say: "If you live in need, forget your shame". Cursed be the life that knows no shame! But if the proverb counsels one not to shun any hard work, however lowly, there is nothing shameful in such work. An upright man should earn his bread honestly not live on alms or sit back in indolence.[3, 256]

Адал еңбекпен мал іздемек -

Should earn his bread honestly – мұнда сөзбе-сөз аударма жасалып тұрған жоқ, мағына бір, бірақ басқаша сөздерді тілдік нормаға сәйкес қолдану арқылы аударылған, компенсация тәсілі қолданылған.

Сұрауын табамын, қалауын табамын деп қорлықпенен өмір өткізгенше малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.

Is it not better to get riches from the earth by the sweat of your brow rather than rely on cunning and beg for crumbs from another man's table?

Мұндағы *сұрауын табамын, қалауын табамын* дегеннің астарында біреуден ретін тауып, алдап-арбап сұрай білсем, ол адамнан керегімді аламын деген ой жатыр. *Is it not better...than rely on cunning and beg for crumbs from another man's table?* Аудармашы осы ойды ашып қулыққа, біреудің аузындағыны сұрап, тіленгенге сенудің қажеті жоқ деп аударды. Демек мұнда аудармашы толық мағынаны қайта өзгерту тәсілін қолданып тұр.

36 – сөз

Мұндай ұят қылық қылғандығыңды бөтен кісі білмесе де, өз ақылың, өз нысабың өзіңді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіңе жаза тарттырады. [2,90]

Perhaps no one except yourself is aware of your fault, but your mind and your being are in anguish and punish you. [3, 265]

Мұндағы *өз ақылың, өз нысабың өзіңді сөккен соң* дегендегі сөгу деген сөзді жәй ғана *to be in anguish*, яғни қиналу деген сөзбен берген, демек мағына толық емес және жалпыландыру тәсілі қолданылып тұр. Сондай-ақ *іштен ұят келіп тұр* деген жері түсіріліп тасталған.

... Кірерге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай, біртүрлі қысымға түсесің. [2, 90]

You worry, you are unable to look others in the eye, and you suffer. [3, 265]

Мұндағы *кірерге жер таба алмай* деген фраза жәй ғана *You worry* – уайымдайсың деп аударма салған, онда бұл антонимдік аударма, әрі жалпыландыру болып табылады, сондай-ақ *біртүрлі қысымға түсесің - you suffer* деп, яғни қиналасың деп аударылған, бұл да нақтыландыру болып табылады.

Ұят деген адамның өз бойындағы адамишылығы иттігіңді ішіңнен өзмойныңа салып, сөгіп қылған қысымның аты.

Shame is a feeling of human dignity that compels a man to admit his guilt to himself and mete out his own punishment.

Мұндағы *ummiğiñdi iwiñnen өз мойныға салып* дегенді *compels a man to admit his guilt to himself*, яғни адам өз күнәсін мойындауға мәжбүр етеді деп аударған. Мұндағы *ummiğ* деген сөз *guilt* деп аударылып тұр, мағына дәл емес, онда бұл компенсация болады.

Мұндай ұяты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта өзін-өзі өлтіретұғын кісілер де болады.

People capable of feeling such kind of shame lose their appetite, cannot sleep, and in despair may even commit suicide.

Ұйқыдан қалу, тамақтан қалу фразалары *lose their appetite, cannot sleep* тамаққа тәбетін жоғалтады, ұйықтай алмайды деп аударып, аудармашы мағынаны нақтыландыру тәсілін қолданып отыр.

37- сөз

Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда, өңі қашады. [2, 92]

However good a thought, it is tarnished by passing through human lips. [3, 267]

Мұндағы көңілдегі көрікті ой, яғни әдемі, әсерлі деген фраза *good a thought*, яғни жақсы ой деп қана жалаң аударылған және *өңі қашады* сөзі *tarnish* етістігімен берілген, яғни дөп аударған әрін кетіріп деген сөз, ал *ауыздан шыққанто pass through human lips*, яғни *еріндерінен өткен сөздер* деп тілдік нормаға сәйкес аударылған, яғни компенсация тәсілін қолданған.

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін отмаған хайуанның бірі боласың, адамишылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың. [2, 92]

He who works for his own benefit alone is like an animal that grazes to fill its own stomach; but he works to fulfill his human duty, the Most High will distinguish by his love. [3, 267]

Мұндағы Алла деген *the Most High*, яғни тәңір деп орысша *Всевышний*-данаударылған және *құлы болу* деген сөзді *will distinguish by his love*, яғни *ерекше мейіріміне бөлейді* деп аударған. Дегенмен мағына бір болғанмен орыс тілінен аударылғандықтан болар, басқаша сөздермен, басқаша сөз саптаумен аударылған. Сонымен қатар қазақ тіліндегі оттаған сөзінің мағынасы *grazes to fill its own stomach* деп, яғни тойғанша жайлауда жайылу деп мағынаны ашып, мағынаны дамыту тәсілін қолдана отырып аударылған.

Демек аударма барысында сөздердің немесе тіркестердің тура аудармасы болмаған жағдайда немесе аударма тілдің тілдің нормасына сәйкес келмеген жағдайда аудармашылық трансформацияларға жүгінеміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Тарақов Ә.С. «Аударма әлемі» Оқулық, Алматы: Қазақ университеті, 2011
2. Абай «Қара сөздер» Алматы, 2007 «Көшпенділер баспасы»;
3. Абай «Buch der Worte» –А., 2001.

ТІЛ МӘДЕНИЕТТІ ТРАНСЛЯЦИЯЛАУ ҚҰРАЛЫ

Баядилова-Алтыбаева Айнұра Бактығалиевна

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің докторанты

Ақтөбе қаласы

ba_ainura85@mail.ru

Андатпа. Мақалада тіл мәдениетті трансляциялаудың негізгі құралы екендігі туралы мағлұмат беріледі.

Аннотация. В данной статье говорится о том что язык является непосредственным средством трансляций культуры.

Abstract. The article goes on saying that a language is a means of transmission of the culture.

Кілт сөздер: тіл, мәдениет, өркениет, трансляция, дәстүр, әдет-ғұрып.

Ключевые слова: язык, культура, благосостояние, трансляция, традиция,обычай.

Key words: culture, transmission, language, wealth, tradition.

Күнделікті өмірде мәдениет дегеніміз- қалыпты тәрбиелеу, мінез-құлық,этика. Соңғы уақытта мәдениетті ақылмен, біліммен жиі байланыстыра отырып,оны қоғамның ерекше саласы ретінде де қарастыруға тырысады.

Латын тілінен аударғанда мәдениет (cultura) «өсіру, білім беру, дамыту, құрметтеу» деген мағынаны білдіреді. Демокрит мәдениетті«екінші табиғат» депанықтаған[1,17]. Қазіргі философия тұрғысынан «мәдениетәлемін - адам баласына тән әлем» деп те айтуға болады.

Освальд Шпенглер өзінің бүкіл әлемге танымал «Еуропа зауалы» трактатында әр мәдениет, өз «әлемінде» өмір сүретін, қайталанбас «рухы» бар құбылыс ретінде сипатталады.Әр мәдениеттің «рухы»символдар арқылы өз көрінісін табады.Мысалы, Шпенглер сол кезеңдегі үш мәдениетке (грек және римдік, батыс еуропалық және византия-араб елдерінің мәдениеті) тоқтала отырып, «грек пен рим мәдениетінің «рухы» - тән сұлулығы («аполлондық») символдары арқылы көрініс тапса, византия мен араб «рухы»- тән мен адам баласы жанының тікелей қарама-қайшылығына негізделеді, ал батыс еуропалық «рух» символдң шексіз уақыт кезеңінде көрініс табу («фауст») кезеңімен сипатталады» деп көрсетеді [2,32].

Белгілі бір мәдениетті сараптай келе, әр елдің өзіндік негізгі ұстанымы мен символы болатыны сөзсіз, осы символдардың әлеуметтік әлемдегішынайы көрінісін сипаттау арқылы, сол елдің мәдениетін де түсіне аламыз.Ұзақ уақыт бойы «мәдениет» ұғымы «өркениет» тұжырымдамасымен бірдей болды.

Жоғарыда айтылғандай, мәдениет – адамдардың тыныс-тіршілігін ұйымдастырудың түрлері мен формаларында, сондай-ақ олар құрған материалдық және мәдени құндылықтарда көрсетілген қоғам дамуының тарихи бөлігі.

Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «мәдениет» сөзінің мағынасы былайша түсіндіріледі: мәдениет [мәдениет]*қатысты сөздер :*

мәдениет ошағы [ордасы],мәдениет сарайы, мәдениет сарқынишағы, мәдениет үйі, мәдениет философиясы, мәдениетін көтеру

1) Зат есім

Жетілгендік, дамығандық, өркениеттілік.

2) Зат есім — философиялық

латын cultura. Адамдардың өмірі мен іс-әрекетінен, олардың материалдық және рухани байлықты, жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі бір тарихи даму дәрежесі.

1) түсіндірмесі

1. Адамзаттың өндірістік, қоғамдық және ақыл-ой жетістігінің жиынтығы.

Қазақ халқының көне ~і. 2. Аса жоғары мәдениеттілік.

Ол биік ~ке ие адам. 3. Бір нәрсенің жоғары сатысы, шарықтап даму күйі.

Әнші дауысының ~і, тіл ~і. Мәдениет сарайы – мәдени жиындар өтетін үлкен де жарық, кең үй.

Мәдениетін көтерді - мәдени дәрежесін жақсартты, арттырды[3].

Мәдениет қоғамның, халықтың, әлеуметтік топтың, басқаша айтқанда, өзіне тиесілі субъектінің бірегейлігін, қайталанбастығын және өзгешелігін бейнелейді. Мәдениет - бұл осы қоғамдастықтың ерекшелігін білдіретін және сол арқылы оны басқалардың арасында бөлетін адамдардың ойлары мен іс-әрекеттеріне тән әлеуметтік қауымдастықтың бет-бейнесі болып табылады.Шындығында, бұл біз әр түрлі халықтарды, қоғамды, елді салыстырған кезде көрінеді. Өмірдегі, салт-дәстүрдегі, еңбектегі, отбасындағы, балаларды тәрбиелеудегі айырмашылықтар, әдеттер мен дәстүрлер – осының барлығы халықтардың өмірлік құндылықтары мен өмірлік бағдарлары жүйелерінде ерекше мәнге ие болады.Мәселен, американдықтар индивидуализмге, барынша пайда табуға, қызметкердің фирмамен ресми байланыстарына бағытталған, ел президенті кезінде «етік тазалаушы»болғандығы туралы мифке сенеді. Жапондықтар үшін керісінше, "отбасылық" патриотизм, "ұжымдық басқару",

еңбекке ақы төлеудің теңдестірушілік принципі маңызды, сондықтан олар жыл сайын тәжірибелі, үлкен лауазымды қызметкер болуға талпынады. Осылайша, мәдениет адамның қызметі мен өміріне белгілі дәрежеде ықпал етеді де, мұнда еңбек борыш, парыз ретінде немесе міндет, қуаныш ретінде қарастырылуы мүмкін.

Дәстүрді мәдениет мазмұнының жалпы белгісі ретінде қарастыруға болады. Дәстүр - бұл мәдениеттің ұрпақ пен уақыт арқылы әлеуметтік жады ретінде таралуы (трансляциясы). Дәстүр мәдениеттің өмір сүруінің тәсілі ретінде әрекет етеді. Оны "мәдениет генетикасы" ретінде көрсетуге болады. Дәстүрдің рөлі мәдениеттің үздіксіздігін және қажеттіліктердің, мүдделердің сабақтастығын және т. б. тудыру болып табылады. Алайда дәстүрлер кейде сарқыншылық ретінде, яғни мәдениеттің одан әрі дамуына кедергі ретінде қабылданады. Олар жоғалып кетіп, кейіннен қайта жандануы мүмкін.

Қайта құру дәуірінде қоғамдық санаға құқықтық мемлекеттің еуропалық идеясы енгізілді. Содан бері қоғамның құқықтық реттелуіне назар аударылмайды, тіпті сот жүйесін реформалауға да әрекет жасалуда. Бірақ тәжірибе мен заңға терең көзқарас өзгерген жоқ, өйткені құқықтық мемлекет идеясы отандық мәдениеттің байырғы құндылықтарымен, бірінші кезекте идеясымен "байланысқан" жоқ. Сонымен қатар, заң шығарушылар мен "құқық қорғаушылардың" өздерінің заңды елемеушілігі құқықтық нигилизмді күшейе түсуде. Уақыт дәстүрлерді іріктейді және олардың кейбірі мәңгілік (мысалы, ата-аналарға, әйелге деген құрмет әрқашан да заманауи) сақталады.

Қоғамдық өмірді ұйымдастыра отырып, мәдениет қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын қолдайды. Ол адамдардың мінез-құлқына көптеген үлгілер, стереотиптер, модельдер жүйесі арқылы әсер етіп, әлеуметтік топтар мен олардың мүшелерінің өзіндік "мінез-құлық матрицасын" қалыптастырады. Бұл матрицаның мәні, біріншіден, мәдениет аясында мінез-құлықтың ықтимал үлгілері мен сол үлгілердің тұтас спектрінің құрылуында. Сондықтан индивид үшін өз қажеттіліктерін қанағаттандырудың, мақсаттарға жетудің қандай да бір тәсілдерін қайта ойлап табудың қажеті жоқ. Мұндай мінез-құлық модельдерінің жиынтығы әлеуметтік рөлдердің "қаңқасын", мінез-құлық стилін құрайды, жиі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер түрінде бекітіледі. Ресейде, мысалы, жылан, бақа немесе иттерді жеу қалыптаспаған болса, мұсылмандар шошқа етін, ал үнділер сиыр етін жемейді. Үй – жайға кірер кезде еуропалық алдымен бас киімін шешетін болса, шығыс адамы-аяқ киімін шешеді. Бұл қалыптасқан әдет-ғұрып болып саналады.

Екіншіден, мәдениет адамдарға белгілі бір мінез-құлық стандарттарын белгілейді. Әрбір мәдениетке селекция, іріктеу механизмі тән, соның арқасында ол мәдени үлгілер мен стандарттар ретінде кейбір элементтерді ғана қалдырады. Олар әлеуметтік қауымдастықтың барлық мүшелері үшін ортақ және белгілі бір дәрежеде міндетті болады. Мысалы, адам қолдарымен ет жегісі келсе де, ол бұл тыйымдарды бұзбайды. Индивидтің мінез-құлқын салыстырмалы түрде қатаң шектейтін де, реттейтін де - мәдениет.

Үшіншіден, мәдениет адамдарды бағдарлайтын эталондарды, нормаларды, міндеттерді өзі жасайды және бастамашылық етеді. Мысалы, ер адамдар әскерде қызмет етіп, техникалық күрделі жұмыстарды орындауы тиіс болса, әйелдер бала туып, үй шаруашылығын жүргізуі тиіс, алхалық өз тілінде сөйлеп, оқуы және жазуы тиіс. Бұл элементтер (эталондар, нормалар, міндеттер) бір жағынан, өзгермелі жағдайларда тұтас әлеуметтік ортақтықты қолдауға көмектесуі және ол әлеуметтік ортақтықтар тиімді және орынды болуы тиіс. Егер де кәсіби мәдениет жойылатын болса (айталық, маманның жұмысын бағалаудың кәсіби критерийлерін саяси адалдықтың талаптарына ауыстыру салдарынан), онда кәсіби қауымның өзі де бұзылады, соның әсерінен мамандық тақұлдырауға ұшырайды. Екінші жағынан, жаңа элементтер қазірдің өзінде бар мәдениетке жазылып, оның негізгі құндылықтарына, нормаларына, үлгілеріне, дәстүрлеріне сәйкес келуі, нығайтылуы тиіс. Мысалы, тілде ұғымдар мен құндылықтар, нормалар және сананың, мінез-құлықтың стереотиптері қалыптасады; тілдің көмегімен адам қоршаған әлемді және өзін-өзі түсінеді, тәжірибе алады. Тілдің болуы жаңа сөздердің тұрақты пайда болуымен және оның сөздігіне шетелдік сөздердің енгізілуімен байланысты болса да, жалпы лексика

тұрақты болып қала береді, ал ереже одан да тұрақты. Әрбір жаңа ұрпақ, этностың әрбір өкілі тілді меңгере отырып, ол арқылы ұжымдық тәжірибеге, қоршаған орта туралы ұжымдық білімге, жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларына, халық қабылдамайтын немесе қабылдайтын бағалауларға, әлеуметтік құндылықтарға, мәдениетке қосылады.

Тіл өркениет жолында халықтың қозғалыс тарихын сақтайды, ол халықтың сипатын, оның симпатиясы мен антипатиясын, көршілес халықтармен байланысын көрсетеді. Тіл-мәдениеттің өнімі, оның ажырамас құрамдас бөлігі және танымдық қызметті берудің маңызды құралы, сондай-ақ ақпаратты алу және сақтау тәсілі болып табылады. Тіл-сөз мағыналарының, фразеологиялық бірліктердің, жалпыға белгілі мәтіндердің барлық байлығында кодталған ұжымдық тәжірибені топтастырылған ұғыну нысаны.

Тіл нақты адамның тәжірибесіне, оның мінез-құлқына, мәдениетіне әсер ете алмайды. Тілде халықтың барлық танымдық тәжірибесі, оның моральдық-этикалық, әлеуметтік-эстетикалық, тәрбие идеалдары, әлеуметтік жады көрінеді. Тіл тірі құрылым ретінде әсер етеді және кейбір мәндерді жоғалтып немесе жаңаларын ала отырып өзгеруі мүмкін. Бұл жерде үлкен аудиторияны қамту үшін ауызекі сөйлеуге жақын тілді пайдалануға мәжбүр болатын бұқаралық ақпарат құралдары да маңызды рөл атқарады.

Өз мәдениетін тасымалдаушы бола отырып, журналистер үнемі оның прецеденттік мәтіндеріне: сөздер, фразеологизмдер арқылы жүгінеді.

БАҚ-та сөз өзара ерекшеленетін түрлі жанрлардан тұрады. Тіл мәдениеттің басты элементтерінің бірі ретінде бір әлеуметтік топ мүшелерінің ынтымақтастығы мен бірлігін нығайтушы құрал, сондай-ақ топтар ішіндегі және олардың арасындағы қақтығыстарға себепшіде бола алады. Бір жағынан, тіл адамдарды біріктіреді, екінші жағынан, тіл арқылы сөйлемейтіндерді қамтиды. Қазіргі заманғы Мауглидің мысалдары тіл ортасынан бас тартқан адам баласы ешқашан адами ортамен және мәдени кеңістікпен байланыс жасай алмайды.

Әлеуметтік жады трансляциясының арқасында қоғамның жұмыс істеу сабақтастығы қамтамасыз етіледі, демек, ұрпақтардың тұрақты ауысуына қарамастан, оның өзіндік ерекшелігі сақталады. Тарихи тұрғыдан, бұл мәдениеттің қоғам тұрақтылығын қолдайтындығын білдіреді. Мәдениет-бұл адамдарды әлеуметтендіру барысында игерілетін әлеуметтік тәжірибе ғана емес, сондай-ақ осындай тәжірибені берудің тәсілдері мен арналары. Мәдени әлем туралы бай білімді танып, игеруде, жинақтауда көптеген ұрпақтардың әлеуметтік жадын шоғырландыру мен таратудың маңызы зор. Мәдениеттің осы қасиетінің бұзылуы-оның әлеуметтік жадыны көрсету қабілетінің (көбінесе бұл дін, білім, отбасы, әскер сияқты институттардың бұзылуы арқылы болады) "сынғанын", өлімін білдіреді. Бұл өз кезегінде қоғамның бір-бірін "түсінбейтін" қабаттарға, топтарға, кландарға, ұрпақтарға бөлінуіне алып келеді.

Олай болса, қазіргі уақыттағы мәдениетті адамзаттың әлеуметтік жады сипатында сақтаудағы терең өзгерістердің тарихи басталу кезеңі ретінде қарастырсақ, ал келешекте қоғамның адамзат жинақтаған мәдени генофондағы бай білімді пайдалана алу мүмкіндігі олардың интеллектуалды дамуының дәлелі ретінде қабылдауға болады.

Әдебиеттер:

1. Кокшаров Н.В. Взаимодействие культур: диалог культур. URL: 4. <http://credonew.ru/content/view/352/28> (дата обращения: 19.04.2010).
2. Вильгельм фон Гумбольдт. Языки и философия культуры. – М: Прогресс, 1985. – 453 с.
3. <https://www.sozdik.net/Kk/Adebi/>

GENDER STEREOTYPES IN THE PICTURE WORLD OF THE LANGUAGE

Burankulova E.T.

PhD doctoral student, 1st course, specialty 6D020500 "Philology"

Shokum G.T.

Doctor of Philology, Professor

K.Zhubanov Aktobe Regional State University

Aktobe, Kazakhstan

elmira.burankulova@inbox.ru

Аңдатпа. Гендерлік тұжырымдамадағы лингвистикалық ғылымдағы гендерлік стереотип - бұл жалпы әдіснамалық, ғылыми және ғылыми негіздерді қамтитын кешенді тәсілді талап ететін пәнаралық білім нысаны. Бұл ұғымдар адамның психологиялық және әлеуметтік дамуын анықтайтын негізгі тұлғаның бөлігі болып табылады.

Аннотация. Гендерный стереотип в лингвистической науке в гендерной концепции - это форма междисциплинарного знания, требующая комплексного подхода, включающего общие методологические, научные и научные основы. Эти понятия являются частью их основной личности, определяющей психологическое и социальное развитие человека.

Annotation. Gender stereotype in linguistic science in gender conception is the form of interdisciplinary knowledge requiring an integrated approach that includes general methodological, scientific, and scientific bases. These concepts are part of their core personality that determines the psychological and social development of a person.

Тірек сөздері. Концепт, гендерный стереотип, мужчина и женщина, социальный роль, этническая группа

Ключевые слова. Концепт, гендерлік стереотип, ер және әйел, әлеуметтік рөл, этникалық топ.

Key words. Concept, gender stereotype, man and woman, social role, ethnic group.

The study of language as a phenomenon that shapes the image of the world language in human consciousness is one of the actual directions of modern linguistics. The concept of gender is increasingly attracting the attention of humanitarian scientists, especially linguists. The term "gender" was first used in the field of sociology. Identifying the organizational model of social relations between men and women, this concept defines the social role of the society; psychological gender of a person, psychological characteristics and relationships and a combination of social behavioral attitudes in communication" [1]. At the beginning of the twentieth century. F. Mautner, E. Sepir, O. Espersen showed their interest in gender aspects of language and communication processes as well as gender-linguistic aspects in their records.

Stereotypes as a research tool in the field of linguistics supplement language phenomena, parallelism between them, comparing and finding common and concrete patterns, complement the knowledge of objects or situations with linguistic data [2, 19].

Values and ideas related to the role, place and value of women and men in the society, as well as gender stereotypes and social relationships associated with them, are governed by the broadest idea of social consciousness that is transmitted to the most stable and future generations. The gender stereotypes that are of interest to us are reflected in constant expressions. Social roles and relationships, lifestyle, and national traditions of a certain linguistic society are based on stereotypical images of men and women, mainly in proverbs and sayings, in the phraseological layer.

The notion of "gender" was originally considered as a part of the philological science at the beginning of the XVI century. Later, I. Kant [3], G. B. F. Hegel [4], A. Schopenhauer [5], Z. Freud [6] and other philosophers have started to consider this concept in their works.

Gender linguistics has been shaped as a linguistic science since the 1970s in the western studies of the past century. But the concept of "gender" begins with ancestors.

It is worth noting that the study of language issues in the field of human-oriented studies has shown that language issues are considered to be a problem of gender linguistics. Among them are B.Hassanovich, G. Mamaeva, K.Zhanataev, G.Shokim, M.Eshimov and others. research can be attributed.

In the Turkic linguistics, phraseological units have always been the subject of various forms of study (lexical, grammatical, semantic), but the problem of linguistic and cultural stereotypes is not fully studied. The study of this problem was carried out by scientists, in particular, A.V. Kirillina, E.S. Badmaeva, V.S Samarina, D.A. Turdieva, O.Yu. Surayeva, M.N. Mukova, M.N. Varikashi's works [3].

Theories and classifications of stereotypes, described in the works of I. Broverman, K. Do, D. Zimmerman, E. Igli, F. Pratto, T. N. Ryabova, G. Tajfel, and K. West, formed the theoretical basis of the study. The results of studies of the relationship of language and culture, described in the works of N.D. Arutyunova, A. Vezhbitskaya, GD Gacheva, L.I. Grishaeva, T.G. Grushevitskaya, A.V. Maslova, Yu.E. Prokhorov, A.P. Sadokhina, V.N. Telia S.G. Ter-Minasova gave an opportunity to assess the degree of influence of the national world perception on the linguistic expression of ideas by representatives of various linguistic and cultural communities. The choice of the gender focus of the study led to an appeal to a whole series of works on the study of the sociocultural and linguistic expression of the characteristics of male and female behavior described in domestic works (O. Voronina, MD Gorodnikova, EI Goroshko, T.A. Gurko, A.A. Zalevskaya, E.A. Zdravomyslova, I.N. Kavinkina, Yu.N. Karaulov, A.V. Kirilina, I.S. Kletsina, N.L. Pushkareva, T.V. Ryabova, A. A. Temkina, I. I. Khaleeva and others) and foreign (J. Butler, S. Bem, P. Berger, S. Bern, S. Beauvoir, C. Guichi, D. Zimmerman, D. Cameron, R. Lakoff, T. Lukman, D. Tannen, J. Turner, G. Tajfel, K. West) authors.

According to the ideas of most philosophers, they symbolize spirit and matter, are present everywhere and are creators of everything that exists in the Universe. Since the times of antiquity, in almost all civilizations, man has a privileged and highly status position in comparison with a woman. The leading role in the organization of life was given to a man. Only in recent years has this trend begun to change.

An analysis of philosophical and psycholinguistic works of a gender orientation shows that the masculine and feminine elements are of ancient origin and are closely intertwined in all linguistic and cultural communities.

The study of the concepts of "man" and "woman" ("man" and "woman") in the language system revealed that, socially and linguistically, they have unequal status in the linguistic consciousness of representatives of the Russian and American nations.

A detailed analysis of approaches to the study of gender stereotyping revealed that approaches based on inter-gender differences (the theory of social roles, the theory of social identity, the theory of power relations) are reflected and confirmed their postulates in the paremiological units of Russian, Kazakh and American linguistic culture. The cognitive theory and constructivist approach are purely theoretical and do not have a relationship with living language material.

According to the stereotype, formed in connection with national traditions, customs, Kazakh wife should be tactful, friendly, caring, should not always respect her husband and speak against him. He should also show respect not only for his husband, but also for people in General. As a member of a certain tribal community, a woman, as a close spouse, that is, her fiancé, has a stable relationship in social, everyday household relations and is obliged to comply with its principles and ethical norms established in the nomadic environment. In particular: father of spouse, sister – mother of husband, sister – brother of spouse (close brothers); sister – sister of husband (close sisters); sister – brother of husband (close brothers); sister – sister of husband (close brothers); sister – sister of husband (close brothers); sister – sister of husband (close brothers); sister – sister of husband (close brothers); sister-sister of spouse (close brothers); wife-sister-sister, sister-sister, sister-sister, sister-sister, sister, sister-sister, sister, sister, sister, sister-sister, sister-sister, sister-sister, together with relatives he is considered bride in the same rural-urban divide, in the same time in entourage.

There are general and distinctive features in different ethnic groups, interconnected with certain phenomena occurring in phrasonic units. In this regard, gender stereotypes in languages, depending on the concept of "woman" and "man," are not universal in different cultures and are explained by different recommendations. It is associated with cultural components such as ethnos tradition, lifestyle, historical development, geographical location and socio-political role of men and women. While all the proverbs and sayings and the sexes do not have sex, there are prioritized tendencies and assessments among those who refer to "male" and "feminine". There are certain elements in linguocultural differentiations in the phraseological units, so their linguistic-cultural studies can be guided by two comparative and introspective approaches [4, 172].

Comparing the characteristics of men and women in phraseological foundations in different languages, many similar stereotypes of men and women, such as "a woman should be a beautiful, kind mother, a good housewife, obedient woman" and "no man should be beautiful but intelligent, strong, courageous need" [5].

However, the image of a human being and a woman's image are expressed in different ways in every language, allowing them to identify the peculiarities of each culture.

